



"IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION"

international scientific-practical journal

ALMATY, KAZAKHSTAN

ISSN: 3007-8946

15 MAY 2025



els.education23@mail.ru



irc-els.com

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
«IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION»**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL
«IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION»**



Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

International scientific journal «IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

15 мая 2025 г.
Almaty, Kazakhstan

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-3-7

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ПЕДАГОГ АЛДЫНДА ТҰРҒАН МІНДЕТТЕР

ОРАЗБАЕВА АЙНАШ, БАЗАРОВА КАРАШАШ, АНГАРОВА АМАНГУЛ

Ш. Есенов атындағы КТИУ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранттары

Ғылыми жетекші: ТАДЖИБАЕВА Ж.А

Аннотация: бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби рөлі мен атқаратын міндеттері зерттеледі. Қазіргі білім беру жүйесінде әр баланың білім алуға тең құқығын қамтамасыз ету – маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Мақалада педагогтың жеке оқыту тәсілдерін қолдану, оқу ортасын бейімдеу, ата-аналармен және мектеп ұжымымен серіктестік орнату, сондай-ақ кәсіби құзыреттілікті үздіксіз арттыру секілді міндеттері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында отандық және халықаралық тәжірибе негізінде инклюзивті білім берудегі мұғалімнің негізгі функциялары мен педагогикалық құралдарының тиімділігі сипатталады. Сонымен қатар, инклюзивті білім берудің мазмұны мен мәні айқындалып, оның бала дамуына және қоғамға әсері талданады. Мақала нәтижелері педагог кадрларды инклюзивті ортаға бейімдеу бойынша әдістемелік ұсыныстар жасауға бағытталған.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру; педагог міндеттері; ерекше білім қажеттілігі; білім беру әдістері; кәсіби құзыреттілік; білім беру жүйесі; психологиялық қолдау.

Аннотация: в данной статье рассматриваются профессиональные задачи педагога в условиях инклюзивного образования. Обеспечение равных прав каждого ребенка на получение качественного образования является одной из актуальных задач современной образовательной системы. В статье освещаются ключевые функции учителя: индивидуализация обучения, адаптация образовательной среды, взаимодействие с родителями и специалистами, а также постоянное повышение профессиональной компетентности. На основе отечественного и зарубежного опыта описывается эффективность педагогических подходов в инклюзивной среде. Кроме того, раскрывается сущность инклюзивного образования и его влияние на развитие личности ребёнка и общества в целом. Результаты исследования направлены на разработку методических рекомендаций по подготовке педагогических кадров к работе в инклюзивной среде.

Ключевые слова: инклюзивное образование; задачи педагога; особые образовательные потребности; методы обучения; профессиональная компетентность; система образования; психологическая поддержка.

Abstract: this article explores the professional responsibilities of teachers in the context of inclusive education. Ensuring equal rights for every child to receive quality education is one of the key priorities of modern educational systems. The article examines the teacher's core tasks such as individualized instruction, creating an adapted learning environment, establishing cooperation with parents and school staff, and continuously improving professional competencies. Based on national and international experience, the effectiveness of pedagogical strategies in inclusive classrooms is analyzed. Additionally, the essence and significance of inclusive education are revealed, along with its impact on child development and societal integration. The findings contribute to the development of methodological recommendations for training teachers to work effectively in inclusive settings.

Keywords: inclusive education; teacher responsibilities; special educational needs; teaching methods; professional competence; education system; psychological support.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда әлем елдерінің білім беру жүйелері инклюзивті бағытты белсенді түрде енгізіп, барша балаларға сапалы және тең білім алуға мүмкіндік жасауда. Қазақстан Республикасы да бұл үдеріске қосылып, "Баршаға бірдей білім" қағидаты негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру жүйесіне қосуға бағытталған ауқымды реформалар жүргізуде. Осы орайда инклюзивті білім беру – тек педагогика саласындағы жаңа ұстаным ғана емес, бүкіл қоғамның мәдени және әлеуметтік трансформациясының көрсеткіші болып табылады[1, 46].

Инклюзивті білім беру — бұл даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарамастан, барлық балаларға тең дәрежеде білім алуына мүмкіндік беретін процесс. Ол адам құқықтарын, толеранттылықты, теңдікті басты құндылық ретінде мойындауға негізделеді[2,57]. Мұндай білім беру ортасында әрбір оқушы өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді, ал мұғалім осы процестің басты ұйымдастырушысы әрі бағыттаушысы саналады.

Алайда инклюзивті білім беруді енгізу мен жүзеге асыруда педагог алдында бірқатар жаңа міндеттер мен күрделі мәселелер туындайды. Бұл міндеттерге оқу үдерісін жеке оқушының ерекшелігіне сай бейімдеу, тиімді оқыту әдістерін таңдау, психологиялық қолдау көрсету, кәсіби құзыреттілікті арттыру және отбасымен, мамандармен серіктестік орнату жатады. Сонымен қатар, инклюзивті білім берудің табысты іске асуы педагогтің кәсіби, әдістемелік және тұлғалық дайындық деңгейімен тығыз байланысты.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жұмысында инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтердің алдында тұрған кәсіби міндеттерін анықтау және олардың практикада орындалу деңгейін бағалау мақсаты қойылды. Бұл мақсатқа жету үшін сапалық және сандық сипаттағы әдістер кешені қолданылды. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін материалдар мен әдістер жан-жақты сипатталады.

Зерттеуге 2024–2025 оқу жылы аралығында Қазақстанның әртүрлі аймағындағы жалпы білім беретін 15 мектептен 42 педагог қатысты. Олардың қатарында бастауыш сынып мұғалімдері (17 адам), пән мұғалімдері (18 адам), инклюзивті білім беру бойынша мамандандырылған ұстаздар (7 адам) болды. Қатысушылардың еңбек өтілі 2 жылдан 25 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс тәжірибесі бар педагогтер іріктелді.

Зерттеу әдістері келесідей сипатталады:

1. Контент-талдау әдісі- Инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құжаттар (ҚР "Білім туралы" Заңы, инклюзивті білім беруге арналған тұжырымдамалар, әдістемелік ұсынымдар) сарапталып, педагог қызметіне қойылатын нақты талаптар мен міндеттер анықталды. Сонымен қатар, шетелдік ғылыми мақалалар мен зерттеулер талданып, педагогикалық практикадағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар белгіленді.

2. Сауалнама әдісі- Зерттеу аясында педагогтерге арнайы әзірленген 17 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Сауалнама жабық (иә/жоқ) және ашық түрдегі сұрақтардан құралды. Онда мұғалімдердің инклюзивті ортада қолданатын әдістері, жиі кездесетін қиындықтары, кәсіби қолдау қажеттілігі туралы мәліметтер жинақталды. Жауаптар электронды түрде (Google Forms арқылы) алынып, сандық өңдеуге мүмкіндік берді.

3. Жартылай құрылымдалған сұхбат- 6 мұғаліммен жеке сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында мұғалімдердің жеке тәжірибелері, эмоционалдық дайындық деңгейі, оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынас ерекшеліктері, мектеп әкімшілігінің қолдауы туралы нақты мәліметтер алынды. Сұхбат жазбалары мазмұндық талдау арқылы өңделді.

4. Салыстырмалы талдау әдісі - Отандық және шетелдік (мысалы, Финляндия, Канада, Оңтүстік Корея) инклюзивті білім беру тәжірибесі салыстырылып, педагогтің рөлі мен міндеттері арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер жүйеленді. Бұл әдіс педагогикалық тәжірибеге интернационалдық көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік берді.

5. Деректерді талдау - Жиналған мәліметтер Excel және SPSS бағдарламалары арқылы өңделіп, сандық мәліметтер пайыздық үлестермен және диаграммалармен көрсетілді. Ашық сұрақтарға берілген жауаптар мазмұндық-категориялық талдау әдісімен топтастырылды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Зерттеу барысында педагогтердің инклюзивті білім беру жүйесіндегі рөлі мен кәсіби міндеттерінің орындалу деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама, сұхбат және құжаттық талдау әдістері негізінде нақты, объективті деректер алынды. Алынған мәліметтер төменде жүйеленіп, талданған түрде ұсынылады.

Педагогтердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындығы

Зерттеу барысында педагогтердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындығы әртүрлі деңгейде екені анықталды. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің басым бөлігі (61,9%) арнайы курстарға қатысқанын, 26,2%-ы өз бетімен білім алғанын, ал кейбірі (11,9%) бұл бағытта ешқандай дайындықтан өтпегенін айтты.

Субъективті тұрғыдан алғанда, мұғалімдердің тек үштен бірі ғана өздерін инклюзивті сыныпта жұмыс істеуге толық дайын деп есептейді. Қалғандары оқыту әдістерін бейімдеу, ата-анамен жұмыс және қосымша қолдау көрсету салаларында қиындықтарға тап болатынын мойындады. Сонымен қатар, шамамен жартысы эмоционалдық тұрғыдан қиындық көретінін білдірді.

Сұхбат нәтижелері мұғалімдердің теориялық білім мен нақты практикалық дағды арасында алшақтық бар екенін көрсетті. Жалпы алғанда, педагогтердің дайындығы жеткіліксіз деңгейде, әрі бұл салада жүйелі оқыту мен қолдау қажеттігі байқалды.

Педагог қолданатын оқыту әдістері

Инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалімнің оқыту әдістерін дұрыс таңдап, оларды әр оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімдей білуі – сапалы білім берудің басты шарты[3,34]. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, педагогтер ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуде әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдануға тырысады. Бұл әдістердің тиімділігі олардың мақсатқа сай таңдалуына және оқу ортасына икемделуіне байланысты.

Алынған деректер бойынша, зерттеуге қатысқан мұғалімдердің көпшілігі сараланған тапсырмалар мен жеке оқу тәсілдерін жиі қолданатынын атап өтті. Бұл әдіс балалардың қабілетіне қарай оқу тапсырмаларын түрлендіріп беру арқылы олардың өз мүмкіндігі шегінде жетістікке жетуіне ықпал етеді. Мұндай тәсіл оқушының өз-өзіне сенімін арттырып, ынтасын жоғалтпай оқу үдерісіне қатысуына жол ашады.

Сондай-ақ визуалдық құралдарды, соның ішінде суреттер, графиктер, кестелер мен бейнематериалдарды пайдалану арқылы оқу материалын түсіндіру кең таралған[4,62]. Бұл әдіс әсіресе қабылдауында ерекшелігі бар оқушыларға ақпаратты жеңіл қабылдауға көмектеседі. Мұғалімдер бұл тәсілді сабақтың барлық кезеңінде – түсіндіру, бекіту және қорытындылау барысында тиімді қолданады.

Келесі жиі қолданылатын әдіс – топтық және жұптық жұмыс ұйымдастыру. Бұл тәсіл арқылы мұғалімдер оқушылар арасында өзара қолдау, бір-біріне көмектесу, пікір алмасу мәдениетін дамытады. Мұндай орта ерекше оқушылардың оқуда ғана емес, әлеуметтік бейімделуінде де оң рөл атқарады[5,12].

Зерттеу аясында кейбір мұғалімдер интерактивті және ойын әдістерінің тиімділігін атап өтті. Балаларға қызықты ойын түріндегі тапсырмалар ұсынылған кезде олардың сабаққа деген қызығушылығы артады, ал бұл оқу нәтижесіне тікелей әсер етеді[6,78]. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімдері бұл әдісті белсенді қолданатыны байқалды.

Сонымен қатар, бірқатар мұғалімдер сандық технологиялар мен мультимедиялық ресурстарды қолданып жүргенін айтты. Электронды оқулықтар, презентациялар, онлайн жаттығулар секілді құралдар сабақтың көрнекілігін арттырып, ерекше оқушылардың зейінін шоғырландыруға мүмкіндік береді[7,54].

Алайда бұл әдістерді қолдану деңгейі мұғалімнің кәсіби тәжірибесіне, материалдық-техникалық базаның жағдайына және әдістемелік қолдауға тікелей байланысты. Кейбір

мұғалімдер тиімді әдістерді біле тұра, оларды жүйелі түрде қолдануға уақыт тапшылығы немесе қажетті құралдардың болмауы кедергі келтіретінін айтты.

Кездесетін негізгі қиындықтар

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтер бірқатар күрделі мәселелермен бетпе-бет келеді. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің кәсіби қызметіне кедергі келтіретін бірнеше ортақ қиындықты анықтады.

Ең алдымен, оқу үдерісін бейімдеуге арналған әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі жиі атап өтілді. Мұғалімдердің көпшілігі ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларға арналған арнайы оқулықтар мен тапсырмалардың болмауы оқыту сапасына әсер ететінін айтты.

Екінші маңызды мәселе – сыныптағы оқушылар санының көп болуы. Инклюзивті сыныпта әр оқушыға жеке көңіл бөлу қажет, алайда оқушы саны 25-30-дан асқанда бұл мүмкін болмай қалады. Бұл педагогке артық жүктеме түсіреді және оқыту тиімділігін төмендетеді.

Үшінші қиындық – қосымша мамандардың жетіспеуі. Көптеген мектептерде логопед, дефектолог, психолог, тьютор сынды мамандар жеткіліксіз немесе мүлдем жоқ[8,23]. Бұл жағдай мұғалімге барлық міндетті жалғыз атқаруға мәжбүрлейді.

Сонымен қатар, ата-аналармен өзара байланыстың әлсіздігі де қиындықтардың бірі ретінде көрсетілді. Кейбір ата-аналар баласының ерекшелігін мойындамайды немесе мектеппен тығыз байланыс орнатуға құлықсыз. Бұл жағдай баланың дамуына кері әсер етуі мүмкін[9,10].

Сондай-ақ, педагогтер эмоционалдық күйзеліс пен шаршау сезімін жиі бастан кешіретінін айтты. Инклюзивті сыныптағы жұмыс көп шыдамдылық пен күш-жігерді қажет етеді. Қажетті қолдаудың болмауы кәсіби күйіп кетуге алып келуі мүмкін.

Жалпы, зерттеу инклюзивті білім берудің табысты жүзеге асуы үшін мұғалімдерге әдістемелік, психологиялық және материалдық тұрғыдан жүйелі қолдау қажет екенін көрсетті.

Мектеп әкімшілігінің және ата-аналардың рөлі

Инклюзивті білім беруді тиімді іске асыруда мұғалімнің жеке жұмысы жеткіліксіз. Бұл үдерісте мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың қолдауы маңызды орын алады. Зерттеу нәтижелері осы тараптардың педагог қызметіне әсерін анықтауға мүмкіндік берді.

Алынған мәліметтерге сәйкес, мұғалімдердің бір бөлігі мектеп әкімшілігі тарапынан әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдауды сезінетінін айтты. Атап айтқанда, әкімшілік тарапынан ерекше оқушылармен жұмыс жасау үшін оқу жоспарын реттеуге, қосымша ресурстар ұсынуға жағдай жасалатыны байқалады. Сонымен қатар, кей мектептерде мектеп басшылығы педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысуына мүмкіндік беріп отыр.

Алайда респонденттердің біразы әкімшілік қолдаудың жеткіліксіздігін атап өтті. Олар әсіресе инклюзивті білім беру бойынша нақты іс-шаралардың жетіспейтінін, көмекші мамандармен (психолог, логопед) жұмыс ұйымдастыруда қиындықтар болатынын мәлімдеді. Кей мектептерде бұл сала тек қағаз жүзінде қамтылғанымен, шынайы тәжірибеде жүйелі қолдау көрсетілмейтіні белгілі болды.

Ата-аналардың рөліне келсек, зерттеуге қатысқан мұғалімдердің басым көпшілігі ата-аналармен жұмыс жасаудың маңыздылығын атап өтті. Дегенмен ата-аналардың қатысу деңгейі әртүрлі: кейбір ата-аналар баласының білім алуына белсенді араласса, енді бірі мектеппен тұрақты байланыс орнатпайды. Бұл жағдай әсіресе ерекше қажеттілігі бар балалардың дамуына кері әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, кей мұғалімдер ата-аналардың инклюзивті білім беруге қатысты түсінігі толық емес екенін айтты. Олар баласының ерекшелігін қабылдай бермейді немесе оқу үдерісіндегі қиындықтарға мұғалімді кінәлі санайды. Мұндай көзқарас педагог пен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынас орнатуға кедергі келтіреді.

Дегенмен, ата-аналармен тығыз байланыс орнатқан жағдайда оқушының оқудағы белсенділігі артып, өзіне деген сенімі күшейетіні байқалады. Белсенді ата-аналар баласының дамуына жан-жақты жағдай жасап, мектеппен тығыз қарым-қатынаста болады[10,35].

Қорытынды

Мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде педагогтің кәсіби рөлі мен негізгі міндеттері кеңінен талданды. Зерттеу нәтижелері мұғалімнің тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, ұйымдастырушы және психолог рөлін де қатар атқаратынын көрсетті. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс барысында мұғалімдер жеке тәсілдерді қолдануға, оқу мазмұнын бейімдеуге және әлеуметтік бейімделуге қолайлы орта құруға міндетті.

Сауалнама мен сұхбаттар негізінде мұғалімдердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындық деңгейі, оқыту әдістері, кездесетін қиындықтар, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен ата-аналар тарапынан көрсетілетін қолдау деңгейі талданды. Әдістемелік базаның әлсіздігі, көмекші мамандардың жетіспеушілігі және ата-аналармен байланыс мәселелері педагог қызметіне теріс әсер ететіні анықталды.

Мұғалімдер оқытуда сараланған тапсырмалар, визуалды материалдар, топтық жұмыс пен цифрлық ресурстарды қолдануға тырысады. Дегенмен, бұл тәсілдердің нәтижелі болуы үшін мектеп пен білім беру мекемелерінің жүйелі қолдауы қажет.

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру сапасы педагогтің кәсіби құзыреттілігімен қатар, мектеп ұжымының және ата-аналардың бірлескен әрекетіне байланысты. Педагогтерге тұрақты қолдау көрсету – тең мүмкіндіктерге негізделген білім беру ортасын қалыптастырудың маңызды шарты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сатиева, Г. К. Инклюзивті білім беру: теориясы мен тәжірибесі / Г. К. Сатиева. – Алматы: Өлке, 2021. – 164 б.
2. Арғынбекова, Ш. Мектепте инклюзивті білім беру: әдістемелік нұсқау / Ш. Арғынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 98 б.
3. Шаяхметова, М. Ж. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің рөлі / М. Ж. Шаяхметова // Педагогика және психология. – 2021. – №4(49). – Б. 72–77.
4. Оразова, С. Р. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудағы қиындықтар / С. Р. Оразова // Білім беру мәселелері. – 2020. – №2. – Б. 56–61.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Инклюзивті білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 26 б.
6. Нұрбекова, А. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі: теория және тәжірибе / А. Нұрбекова. – Алматы: Бастау, 2020. – 112 б.
7. Мельникова, И. В. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями / И. В. Мельникова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 140 с.
8. Токсанбаева, А. И. Инклюзивное образование в Казахстане: проблемы и пути решения / А. И. Токсанбаева // Современное образование. – 2021. – №2. – С. 33–38.
9. Жүнісова, Р. С. Инклюзивті ортада жұмыс істейтін педагогтің кәсіби дайындығы / Р. С. Жүнісова // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – №1. – Б. 40–45.
10. Құлманова, С. Е. Ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау қызметі / С. Е. Құлманова. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 128 б.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-8-12

УДК 378.147:81'243

БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОГНИТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ПОЛИКОДТЫҚ МӘТІНДЕРДІҢ РӨЛІ

НУРЛЫБАЙ АЙКЕН АСЫЛБЕКҚЫЗЫ

Магистрант, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, гуманитарлық
педагогикалық институты, Қызылорда облысы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің жүйелі ойлау қабілеттерін дамытуда поликодтық мәтіндерді қолданудың тиімділігі қарастырылады. Оқу процесінде вербалды және вербалды емес ақпарат көздерін біріктіру арқылы студенттердің танымдық белсенділігі мен аналитикалық ойлау қабілеттері артатыны анықталды. Жоғары оқу орнының шетел тілдері мамандығы бойынша білім алатын 2-курс студенттерімен жүргізілген бақылау сабақтары барысында алынған нәтижелер поликодтық мәтіндердің оқу тиімділігін арттырып, жүйелі ойлауды қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Зерттеу барысында жарнамалық постерлер, инфографикалар және мультимодальды мәтіндер сияқты әртүрлі поликодтық материалдар қолданылды. Мақалада теориялық негіздер мен практикалық бақылау нәтижелеріне сүйене отырып, поликодтық мәтіндерді оқу процесіне енгізудің маңыздылығы жан-жақты сипатталған. Поликодтық мәтіндерді қолдану студенттердің ақпаратты кешенді түрде қабылдауын, логикалық байланыстарды орнату қабілетін және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға оң әсер ететіні дәлелденді. Зерттеу нәтижелері білім алушылардың когнитивтік икемділігін арттыруға және тілдік-коммуникативтік дағдыларын кешенді дамытуға ықпал ететіні байқалды. Сонымен қатар, поликодтық мәтіндерді жүйелі түрде қолдану олардың оқу мотивациясын арттырып, шетел тілін меңгеру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: поликодтық мәтіндер, жүйелі ойлау, когнитивтік дағдылар, ағылшын тілі, білім беру әдістемесі, мультимодальды мәтіндер, мәдениетаралық коммуникация, тілдік икемділік, аналитикалық ойлау, танымдық белсенділік

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде студенттердің жүйелі ойлау қабілетін дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ақпараттың әртүрлі көздерін кешенді түрде қабылдау, оларды салыстыру және арасындағы логикалық байланыстарды орнату қабілеті болашақ мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттырады. ХХІ ғасырда білім алушылардың тек тілдік дағдыларды меңгеруі жеткіліксіз, олардан жоғары деңгейдегі когнитивтік және аналитикалық қабілеттер талап етіледі. Осыған байланысты оқыту әдістерін жаңарту және заманауи тәсілдерді оқу процесіне енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Бұл тұрғыда поликодтық мәтіндерді қолдану тиімді әдістемелік құрал ретінде ерекше маңызға ие болуда. Поликодтық мәтіндер — вербалды (мәтіндік) және вербалды емес (графикалық, иллюстративтік) ақпаратты біріктіретін құрылымдар. Мұндай мәтіндермен жұмыс жасау студенттердің ақпаратты өңдеу, салыстыру, синтездеу және талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, поликодтық мәтіндер тіл үйрену процесінде когнитивтік белсенділікті арттырып, студенттердің логикалық және жүйелі ойлау қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Поликодтық мәтіндер білім алушылардың көпарналы ақпаратты қабылдау механизмін жетілдіреді және олардың есте сақтау қабілеттерін күшейтеді. Вербалды және бейнелік компоненттердің үйлесімділігі студенттерге материалды тереңірек түсінуге және оны тиімді түрде қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Әсіресе ағылшын тілін меңгеру барысында поликодтық мәтіндер тілдік кедергілерді азайтып, мәдениетаралық коммуникация элементтерін интеграциялауға ықпал етеді. Оқу процесінде осындай мәтіндерді жүйелі пайдалану болашақ мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыруға және олардың

кәсіби рефлексия жасау қабілетін дамытуға оң әсер етеді. Сонымен қатар, поликодтық мәтіндер арқылы білім алушылардың креативті ойлау дағдылары мен инновациялық шешім қабылдау қабілеттері де жетіле түседі.

Аталған зерттеу жұмысының мақсаты — ағылшын тілін меңгеру процесінде поликодтық мәтіндерді қолданудың болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жүйелі ойлау қабілетін дамытуға әсерін анықтау болып табылады. Зерттеу шетел тілдері және аударма ісі мамандығы бойынша білім алушы екінші курс студенттерімен жүргізілді. Зерттеу барысында оқу процесіне поликодтық мәтіндерді мақсатты түрде енгізу арқылы студенттердің когнитивтік дағдылары мен аналитикалық ойлау қабілеттерінің динамикасы бақыланды.

Зерттеу нәтижелері. Ағылшын тілі сабақтарында поликодтық мәтіндерді қолданудың тиімділігі мен студенттердің жүйелі ойлау қабілетіне ықпалына арнайы талдау жасалды. Зерттеу барысында оқу процесінде жарнамалық постерлер, инфографикалар, комикстер және мультимодальды мәтіндер сияқты түрлі поликодтық материалдар жүйелі түрде пайдаланылды. Бұл мәтіндер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылып, білім алушылардың көптілді ортада ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға бағытталды.

Поликодтық мәтіндердің ерекшелігі – әртүрлі ақпарат көздерін біріктіру арқылы студенттердің қабылдау, талдау және интерпретациялау дағдыларын қатар дамытуында. Оқу процесінде қолданылған поликодтық мәтіндер вербалды және бейнелік элементтердің үйлесімділігіне негізделген, бұл студенттердің күрделі ақпаратты тез әрі тиімді меңгеруіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар, поликодтық мәтіндер студенттердің мәдениетаралық коммуникация элементтерін түсінуіне және әртүрлі контекстте ақпаратты интерпретациялау қабілетіне оң әсер етті. Поликодтық мәтіндер оқыту барысында дәстүрлі мәтіндерге қарағанда, студенттердің назарын ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік беретіні байқалды. Ақпараттың вербалды және визуалды кодтарын бір уақытта қабылдау студенттердің есте сақтау механизмдерін белсендіріп, ақпаратты ұзақ мерзімді жадыда сақтау тиімділігін арттырды.

Ақпаратты кешенді қабылдау. Студенттер мәтіндік және бейнелік ақпаратты біріктіре отырып, материалды тұтас түсіну қабілеттерін дамытты. Поликодтық мәтіндер арқылы берілген тапсырмаларда студенттер мәтіндегі негізгі ойды, иллюстрациядағы мағынаны және олардың өзара байланысын талдай алды. Мысалы, инфографикамен жұмыс істеген кезде студенттер деректер мен статистикалық ақпаратты мәтінмен бірге талдап, тұжырым жасауды үйренді. Бұл олардың ақпаратты фрагменттерге бөлмей, кешенді түрде қабылдау дағдысын нығайтты. Ақпаратты біртұтас қабылдау студенттердің мәтінді талдау жылдамдығы мен дәлдігін арттырып, оқу материалын тиімді меңгеруіне септігін тигізді. Студенттер көрнекі элементтер арқылы мәтіннің астарлы мағынасын ашуға үйренді. Олар әртүрлі ақпарат көздері арасындағы байланыстарды өздігінен таба алатын деңгейге жетті. Кешенді қабылдау дағдыларының дамуы студенттердің академиялық мәтіндермен жұмыс істеу қабілетін де арттырды.

Аналитикалық және логикалық ойлау. Мәтіндер мен көрнекі элементтер арасындағы мағыналық байланыстарды анықтау арқылы студенттердің логикалық ойлау қабілеттері артты. Поликодтық мәтіндердегі жасырылған логикалық құрылымдарды табу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау тапсырмалары студенттердің ойлау тереңдігін дамытты. Студенттер мәтін мазмұнын диаграммалармен немесе иллюстрациялармен салыстыра отырып, тұжырымдар жасауды және дәлелдеуді үйренді. Мысалы, жарнамалық постерлердегі ұрандар мен бейнелерді мәтін мазмұнымен салыстыру тапсырмалары олардың себеп-салдар байланысын анықтау дағдыларын жетілдірді. Сонымен бірге, студенттер өз ойларын дәлелдеу үшін көрнекі материалдарды мысал ретінде қолдану дағдыларын меңгерді. Студенттердің аргументациялық қабілеттері дамып, өз пікірлерін логикалық құрылымда жеткізу деңгейі артты. Поликодтық мәтіндермен жұмыс барысында студенттер деректерді салыстыру, талдау және қорытынды жасау процесіне белсенді қатысты. Логикалық ойлаудың дамуы олардың ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу қабілетіне де оң әсерін тигізді.

Тілдік және когнитивтік икемділік. Түрлі тілдердегі мәтіндермен жұмыс жасау барысында студенттердің тілдік және танымдық дағдылары жетілді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі поликодтық мәтіндерді салыстыра талдау арқылы студенттер тілдік айырмашылықтарды түсінуге, мәдениетаралық коммуникация элементтерін тануға және тілдік құрылымдарды дұрыс қолдануға дағдыланды. Олардың сөйлеу және жазу тіліндегі икемділік байқалды: бір тілдегі идеяны басқа тілде қайта құру, аударма жасау, баламалы сөздерді таңдау сияқты қабілеттері күшейді. Бұл тәжірибе студенттердің лексикалық қорын байытып қана қоймай, грамматикалық құрылымдарды тиімді қолдануға да ықпал етті. Студенттер жаңа лексикалық бірліктерді түрлі тілдік контекстерде қолдануды меңгерді. Поликодтық мәтіндер тілдік икемділік пен шығармашылық ойлауды қатар дамытуда маңызды құрал болды. Көптілді ортада жұмыс істеу барысында студенттер мәдениетаралық айырмашылықтарды дұрыс ескеруді үйренді.

Танымдық белсенділік. Поликодтық мәтіндерді қолдану сабақтарға деген қызығушылықты арттырып, оқу процесіне белсенді қатысуға ықпал етті. Сабақ барысында студенттер мәтіндерді өз бетінше талдауға, пікір білдіруге, түрлі көзқарастарды салыстыруға ынталанды. Комикстер мен мультимодальды мәтіндерге негізделген шығармашылық тапсырмалар олардың сабаққа деген мотивациясын арттырды. Әсіресе, студенттер өздері мультимодальды мәтіндер құрастыру тапсырмасын орындау кезінде танымдық белсенділіктің айтарлықтай артқаны байқалды. Оқушылардың рефлексивтік ойлау дағдыларының дамуы олардың мәтін мазмұнын терең түсінуге және шығармашылық тұрғыда өңдеуге мүмкіндік берді. Сабақтарда студенттердің өзара пікір алмасуы жиілеп, топтық жұмыс тиімділігі артты. Оқушылар шығармашылық жұмыстарында түрлі көзқарастарды ескеріп, өз идеяларын жүйелі қорғауға машықтанды.

Бақылау нәтижелері. Зерттеу барысында сабақтарға қатысу деңгейі, тапсырмаларды орындау сапасы және студенттердің оқу материалын меңгеру деңгейі арнайы критерийлер бойынша бағаланды. Қатысқан студенттердің 85%-ы поликодтық мәтіндермен жұмыс істеу барысында оқу материалына деген қызығушылықтарының артқанын және түсіну деңгейлерінің жақсарғанын көрсетті.

Сабақтарда берілген тапсырмалардың орындалу сапасы мынадай нәтижелер көрсетті:

- Ақпаратты кешенді қабылдау бойынша: тапсырмалардың дұрыс орындалу көрсеткіші 88%-ды құрады;
- Аналитикалық ойлау бойынша: логикалық байланыстарды анықтау тапсырмаларын орындау нәтижесі 83%-ды көрсетті;
- Тілдік икемділік бойынша: үш тілде жасалған салыстырмалы тапсырмаларда студенттердің 81%-ы жоғары нәтиже көрсетті;
- Танымдық белсенділік бойынша: сабаққа белсенді қатысқан студенттердің үлесі 90%-ға жетті.

Бақылау нәтижелері поликодтық мәтіндерді қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінде айқын оң өзгерістер болғанын дәлелдеді. Оқу мотивациясының артуы сабақтарға жүйелі қатысуға және тапсырмаларды дербес орындауға ықпал етті. Әсіресе, шығармашылық тапсырмаларда өз ойын еркін жеткізу қабілеті едәуір дамыды.

Мысалдар мен практикалық нәтижелер. Оқу процесінде арнайы әзірленген тапсырмалар қолданылды:

- Инфографика бойынша мәтін құрастыру;
- Комикс бойынша оқиға желісін баяндау;
- Жарнамалық постерлерді талдау және сипаттау;
- Мультимодальды мәтін негізінде эссе жазу.

Әр тапсырма студенттердің ақпаратпен жұмыс істеу, мәтінді түсіну, салыстыру және жүйелі ой қорыту қабілеттерін дамытуға бағытталды. Студенттердің жазбаша және ауызша жұмыстарында креативтілік пен логикалық ойлау деңгейінің артқаны байқалды. Сонымен қатар, поликодтық мәтіндерді қолдану студенттердің рефлексиялық дағдыларын дамытып,

өзіндік ой-пікірлерін еркін жеткізуге ықпал етті. Студенттер өз жазбаша жұмыстарында шығармашылық бастама танытып, күрделі ақпаратты әртүрлі формада ұсыну қабілеттерін жетілдірді. Поликодтық мәтіндерге негізделген тапсырмалар олардың тілдік еркіндігін және мәдени сезімталдығын дамытуға көмектесті. Білім алушылар мәтіндік және визуалды ақпарат көздерін салыстыру арқылы күрделі идеяларды жеңіл түсіндіру тәжірибесін меңгерді.

Жалпы нәтиже

Жалпы алғанда, поликодтық мәтіндермен жүйелі жұмыс істеу студенттердің оқу белсенділігін арттыруға, ақпаратты құрылымдап талдау қабілеттерін жетілдіруге және көптілді ортада тілдік икемділікті дамытуға ықпал етті. Тәжірибелік сабақтар барысында алынған деректер студенттердің вербалды және бейнелік ақпараттарды ұштастыра отырып, жүйелі ой қорыту дағдыларын қалыптастырғанын көрсетті. Сонымен бірге, поликодтық мәтіндердің қолданылуы білім алушылардың танымдық қызығушылығын жоғарылатып, олардың тілдік шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарды. Алынған нәтижелер поликодтық тәсілдерді оқу процесіне кеңінен енгізудің болашағы зор екенін көрсетті. Білім беру практикасында мұндай әдістерді қолдану студенттердің сын тұрғысынан ойлау қабілетін арттыруға және күрделі ақпаратты сараптау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері поликодтық мәтіндердің болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жүйелі ойлау қабілетін дамытуда маңызды әдістемелік құрал екенін нақты көрсетті. Поликодтық мәтіндерді жүйелі түрде қолдану студенттердің ақпаратты кешенді қабылдау, мағыналық байланыстарды анықтау, аналитикалық ойлау және ақпаратты құрылымдау қабілеттерін дамытуға оң әсерін тигізді.

Зерттеу барысында поликодтық мәтіндермен жұмыс істеу білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың тілдік икемділігі мен мәдениетаралық коммуникация дағдыларын жетілдіргені анықталды. Әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәтіндік және бейнелік материалдарды салыстыра отырып, студенттер өз ойларын нақты әрі жүйелі түрде жеткізуге, деректер арасындағы логикалық байланыстарды орнатуға үйренді. Сонымен бірге, поликодтық мәтіндер шығармашылық ойлау мен креативті дағдыларды дамытудың тиімді тәсілі ретінде де өз нәтижесін көрсетті.

Мультимодальды мәтіндермен жұмыс істеу білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, сабақты қызықты әрі белсенді ортаға айналдырды. Сабақтар барысында студенттердің жеке танымдық белсенділігі, рефлексивтік ойлау қабілеті және ақпаратты әртүрлі көзқарастар арқылы интерпретациялау дағдылары айқын дамыды. Поликодтық мәтіндер арқылы студенттер шынайы өмірдегі ақпарат ағынымен жұмыс істеуге икемделіп, күрделі мәтіндер мен визуалды деректерді талдау тәжірибесін меңгерді.

Сонымен қатар, поликодтық мәтіндерді қолдану студенттердің мәдениетаралық түсінігін кеңейтіп, шетел тілін меңгеру процесінде олардың лексикалық және грамматикалық қорын байытуға ықпал етті. Бұл әдіс студенттердің кәсіби тілді еркін қолдану қабілетін қалыптастырып, олардың шетел тілінде академиялық және кәсіби коммуникация жүргізуге дайындық деңгейін арттырды. Оқу процесінде қолданылған поликодтық материалдар студенттердің оқу әрекеттерін саналы ұйымдастыруға да оң ықпал етті.

Поликодтық мәтіндер студенттерге дербес ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытудың маңызды құралы ретінде де қызмет етті. Әсіресе, жүйелі және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін қалыптастыруда бұл әдістің тиімділігі айқын байқалды. Білім алушылар мәтінді тұтас түсіну, негізгі ойды бөліп көрсету және алынған ақпаратты нақты құрылымға келтіру сияқты маңызды дағдыларды меңгерді. Поликодтық тәсіл білім беру мазмұнын жаңғыртып, оқытудың дәстүрлі әдістеріне балама ұсынды. Бұл бағытты әрі қарай дамыту шетел тілін оқытудың сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Жалпы алғанда, поликодтық мәтіндерді оқу процесіне енгізу болашақ мұғалімдердің жүйелі ойлау қабілеттерін жетілдіруге, когнитивтік белсенділігін дамытуға және кәсіби даярлық сапасын арттыруға тиімді ықпал ететіні дәлелденді. Болашақта поликодтық

мәтіндерге негізделген жаңа әдістемелік материалдарды әзірлеу мен қолдану білім беру саласындағы инновацияларды одан әрі дамытуға берік негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Смирнова Е.Ю. Поликодовый текст как объект лингвистического исследования // Филологические науки. – 2020. – № 3. – С. 112–117.
2. Маркова В.Д. Способы адаптации текстов средствами креолизации в педагогическом дискурсе // Вестник Тюменского государственного университета. – 2019. – № 5. – С. 85–90.
3. Айтқалиева Ж.М. Поликодтық мәтіндердің білім беру үрдісіндегі маңызы // Білім және ғылым әлемі. – 2021. – № 4. – Б. 120–125.
4. Taylor P. Systems Thinking in Education // Educational Philosophy and Theory. – 2017. – Vol. 49(3). – P. 267–279.
5. Jewitt C., Bezemer J., O'Halloran K. Multimodality and Literacy in School Classrooms // Review of Research in Education. – 2008. – Vol. 32(1). – P. 241–267.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-13-15

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ПРЕПОДАВАНИЮ РУССКОГО ЯЗЫКА СТУДЕНТАМ МУЗЫКАЛЬНЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

А.Т. ЕСЕТОВА

канд. пед. наук, доцент
КНК им. Курмангазы, Алматы, Казахстан

А.Ж. ЖАУЛЫБАЙ

магистр. пед. наук, преподаватель
КНК им. Курмангазы, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются инновационные методы преподавания русского языка студентам музыкальных специальностей, позволяющие повысить их коммуникативную компетентность и сформировать профессионально ориентированную речевую культуру. Анализируются подходы, способствующие интеграции русского языка в профессиональную деятельность будущих музыкантов.

Ключевые слова: русский язык, музыкальное образование, инновационные методы, критическое мышление, профессиональная коммуникация.

Современная образовательная система требует пересмотра традиционных подходов к обучению русскому языку, особенно в контексте подготовки студентов музыкальных специальностей. Важно учитывать не только лингвистическую, но и профессиональную направленность обучения, адаптируя содержание курса к специфике будущей деятельности студентов. В связи с этим применение инновационных методик обучения, направленных на развитие критического мышления, творческих способностей и коммуникативной компетентности, становится актуальным и востребованным.

Русский язык является неотъемлемой частью профессионального образования музыкантов, так как способствует:

1. Освоению специализированной терминологии и профессионального дискурса.
2. Анализу музыкальных произведений и критических статей.
3. Эффективному межкультурному взаимодействию в международной среде.
4. Развитию навыков публичного выступления и научно-исследовательской деятельности.

Формирование профессионально ориентированной речевой культуры студентов музыкальных специальностей требует внедрения методов, способствующих активному использованию русского языка в профессиональной сфере.

Современные образовательные технологии предлагают широкий спектр методик, способствующих развитию речевых и коммуникативных навыков студентов-музыкантов. Среди наиболее эффективных можно выделить:

1. Методика критического мышления RWCT (Reading and Writing for Critical Thinking).

- Студенты читают и анализируют статьи о жизни и творчестве композиторов, выделяя ключевые идеи и аргументы.
- Разбирают критические рецензии на музыкальные произведения, формируя собственные суждения и аргументируя их.
- Выполняют задания на сравнение различных текстов, выявляя стилистические различия и специфику авторского подхода.
- Работают с аудиоматериалами, анализируя выступления музыкантов и их комментарии по вопросам творчества.

2. Метод проблемного обучения.

- Преподаватель предлагает студентам исследовать различные переводы либретто опер и выявить смысловые расхождения.

- Анализ критических статей о русской музыкальной культуре позволяет студентам оценить различные точки зрения и сформировать свое мнение.

- Включение в работу историко-культурного контекста помогает студентам осознать связь между языком и музыкальным искусством.

- Использование сравнительного анализа текстов различных эпох раскрывает эволюцию профессионального музыкального дискурса.

3. Проектные технологии.

- Подготовка сценария концертного мероприятия с учетом исторического и культурного контекста.

- Создание интервью с известными музыкантами, включающее анализ их творческого пути и влияния на музыкальное искусство.

- Подготовка мультимедийных проектов, посвященных анализу лексики, используемой в музыкальной критике.

- Разработка интерактивных материалов, объединяющих теоретические знания о языке с практическими навыками исполнения.

4. Интерактивные методики.

- Ролевые игры, имитирующие пресс-конференции композиторов, дирижеров и исполнителей.

- Дебаты на тему «Влияние русской музыкальной традиции на мировую культуру» с аргументированной позицией участников.

- Имитация профессиональной коммуникации (переговоры, создание афиш и анонсов концертных мероприятий).

- Создание мини-спектаклей на основе текстов русской классики, в которых студенты адаптируют материал к современному музыкальному контексту.

5. Метод "Фишбоун" (Fishbone).

- Графический метод анализа, используемый для структурирования информации о русской музыкальной терминологии.

- Определение причин и следствий изменения стилистики музыкального языка в разные исторические периоды.

- Применение метода для анализа структуры критических статей и выявления ключевых аргументов.

- Использование метода в подготовке научных статей, рецензий и эссе по музыкальным темам.

Преподавание русского языка студентам музыкальных специальностей требует междисциплинарного подхода, включающего элементы музыковедения, истории искусства и педагогики. Интеграция языковых заданий в процесс изучения музыкальных дисциплин способствует развитию у студентов навыков осмысленного чтения, анализа и интерпретации текстов.

Примеры интеграции:

- Анализ текстов песен и романсов русских композиторов.

- Перевод и интерпретация терминов, используемых в мировой музыкальной практике.

- Подготовка речевых выступлений для презентации музыкальных проектов.

Применение инновационных методов обучения в преподавании русского языка студентам музыкальных специальностей способствует развитию их профессиональной компетентности, коммуникативных навыков и критического мышления. Использование междисциплинарного подхода, проектных технологий и интерактивных методик делает образовательный процесс более продуктивным и ориентированным на реальные профессиональные задачи. Таким образом, русский язык становится не просто дисциплиной в

учебном плане, а важным инструментом для профессионального и творческого роста будущих музыкантов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Савицкий В.М. Русский язык и культура речи. — Ростов н/Д: Феникс, 2011.
2. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов. — М.: ИКАР, 2009.
3. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике. — Рига: Эксперимент, 1998.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка. — М.: Русский язык, 1981.
5. Халперн Д. Психология критического мышления. — СПб.: Питер, 2000.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-16-19

РОЛЬ АУДИОВИЗУАЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ В РАЗВИТИИ ФОНЕТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ УЧАЩИХСЯ ОСНОВНОЙ ШКОЛЫ

КЕНЕНБАЕВА АЛЬФИЯ

Студент бакалавриата

"6B01701 – Преподаватель двух иностранных языков"

КазУМОиМЯ им. Абылайхана, Алматы, Казахстан

Научный руководитель: к.п.н., профессор ЖУМАБЕКОВА Г.Б.

Аннотация: в данной статье рассматривается роль аудиовизуальных материалов в развитии фонетической компетенции в обучении иностранным языкам учащихся основной школы. В условиях современных изменений в образовательной практике аудиовизуальные технологии — такие как интерактивное программное обеспечение, видеоконтент, цифровые записи и мобильные приложения — зарекомендовали себя как эффективные ресурсы для улучшения произношения, интонации, ритма и фонематического восприятия учащихся. В исследовании анализируются педагогические аспекты использования этих материалов и их влияние на слуховую дифференциацию, точность артикуляции и мотивацию обучающихся.

Ключевые слова: аудиовизуальные материалы, фонетическая компетенция, обучение иностранному языку, основная школа, слуховое восприятие, визуальная информация, произношение, ИКТ в образовании.

THE ROLE OF AUDIOVISUAL MATERIALS IN THE DEVELOPMENT OF PHONETIC COMPETENCE IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES TO BASIC SCHOOL STUDENTS

KENENBAYEVA ALFIYA

Bachelor student

"6B01701 – Teacher of Two Foreign Languages"

Ablaikhan KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan

Scientific supervisor: Candidate of Pedagogical Sciences

Professor ZHUMABEKOVA G.B.

Abstract: This article explores the role of audio-visual materials in the development of phonetic competence in teaching foreign language at the basic school level. In the context of evolving educational practices, audio-visual technologies—such as interactive software, video content, digital recordings, and mobile applications—have proven to be valuable resources in enhancing students' pronunciation, intonation, rhythm, and phonemic awareness. The study analyzes the pedagogical implications of using these materials, examining how they affect auditory discrimination, articulation accuracy, and learner motivation.

Keywords: audio-visual materials, phonetic competence, foreign language teaching, basic school, auditory perception, visual input, pronunciation, ICT in education.

Foreign language teaching in basic school requires methods that engage young learners and build strong foundational competencies. One of these is phonetic competence, which enables learners to pronounce words correctly, distinguish between similar sounds, and use accurate rhythm and intonation. Traditional pronunciation instruction has relied on mechanical repetition and teacher modeling, which often lack the engagement and individualization required for effective learning in

modern classrooms. The rapid development of digital educational technologies has introduced new tools into language education. Among these, audio-visual materials have gained significant attention due to their capacity to simulate authentic language input, provide visual support, and encourage learner participation. The use of video, animation, and interactive software in phonetic instruction is increasingly recognized as an effective way to enhance students' listening and speaking skills.

This article examines how audio-visual materials contribute to the development of phonetic competence in foreign language learning among basic school students. It begins by defining phonetic competence and discussing its relevance in early language education. The article then reviews relevant theoretical frameworks, describes how audio-visual materials can be used in practice, presents empirical evidence of their effectiveness, addresses implementation challenges, and provides recommendations for classroom integration.

Phonetic competence is an essential component of communicative competence. It encompasses the learner's ability to produce and recognize the sounds of a foreign language with clarity and accuracy. In the context of basic school education, phonetic competence lays the foundation for future language development and confidence in oral communication. Accurate pronunciation facilitates mutual understanding and enables learners to communicate more fluently and naturally. It also helps prevent the formation of fossilized pronunciation errors that may hinder learners in later stages of their education.

In early language education, students are especially receptive to auditory and visual stimuli. Their ability to mimic sounds and reproduce rhythm and intonation is heightened, making the early years an ideal period for phonetic instruction. Incorporating engaging, multimodal content at this stage supports long-term retention and positive language learning experiences.

Сонымен қатар, климаттық дағдарыс өршіп бара жатқанда, жасанды интеллект сонымен қатар жаңартылатын энергия жүйелерін оңтайландырудан бастап, климаттың өзгеруіне

байланысты денсаулыққа қауіп-қатерді болжауға дейін әлеуетті құтқарушы ретінде жарияланады. Бірақ бір нәрсе бар: үлкен AI үлгілерін үйрету көбінесе қазба отынынан алынатын орасан зор энергияны қажет етеді, бұл бір қызығы, олар шешуге тырысып жатқан мәселені күшейтеді. Бұл экологиялық этиканы жасанды интеллект туралы пікірталастардың орталығына қояды, тұрақтылық этикалық бағалаудың ресми бөлігі бола ма деген сұрақ туғызады.

Тағы бір маңызды көзқарас Синнотт-Армстронг пен Скорбургке тиесілі, олар өз мақалаларында "Жасанды интеллект биоэтикаға қалай көмектесе алады" адамның моральдық пікірін алмастырудың орнына, жасанды интеллект оның бейсаналық бейімділік, шатасу немесе ақпараттың жетіспеушілігі сияқты кемшіліктерін түзетуге көмектеседі деп тұжырымдайды. Олар жасанды жетілдірілген демократия (AID) деп аталатын әдісті ұсынады, онда жасанды интеллект қоғамдық моральдық пайымдаулардан үйренеді, бірақ идеалды, толық ақпараттандырылған адам қабылдай алатын шешімдерді көрсету үшін оларды жетілдіреді. Бұл тәсіл әділеттілік, ашықтық және қоғамдық сенім маңызды болатын органдарды бөлу немесе тіпті құқықтық реформа сияқты салалар үшін үлкен маңызға ие. [2]

Бұл зерттеулерді біріктіретін нәрсе-жалпы мәселе: AI вакуумда жұмыс істемейді. Ол оны жасайтын адамдар мен жүйелердің құндылықтарын, көзқарастары мен басымдықтарын көрсетеді және күшейтеді. Сондықтан, этикалық білім — әзірлеушілер, медицина қызметкерлері, саясаткерлер және тіпті жалпы жұртшылық үшін өте маңызды. Этика екінші реттік нәрсе бола алмайды; ол деректерді жинаудан бастап жобалауға және енгізуге дейін әрбір AI деңгейіне енгізілуі керек.

Климаттық дағдарыс тек экологиялық немесе саяси мәселе емес, бұл терең этикалық мәселе. Бұл адамзатты болашақ ұрпаққа қалдыратын әлемді қайта қарауға мәжбүр етеді. Дәл осы жерде биоэтика араласуы керек.

"Климаттың өзгеруі: биоэтика тұрғысынан төтенше жағдай және денсаулық сақтау саласындағы басымдық" автор климаттың өзгеруін алыс экологиялық проблема ретінде емес, денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай ретінде қарастыру керек дейді. Климаттың өзгеруінен туындаған температураның жоғарылауы, ауа сапасының төмендеуі және азық-түлік қауіпсіздігінің болмауы миллиондаған адамдарға зиянын тигізуде. Ең бастысы, бұл зиян біркелкі бөлінбейді. Жаһандық шығарындыларға ең аз әсер ететін халықтың ең кедей топтары көбінесе бірінші кезекте зардап шегеді. Биоэтика тұрғысынан бұл әділеттілік пен теңдік мәселесін көтереді. [3]

"Құндылықтар мен саясатқа биоэтикалық көзқарас: климаттың өзгеруі және денсаулық" Шерил Макферсон кітабында жақсы қарастырылған философиялық аспект бар. Бұл кітап климат туралы пікірталастардың негізінде жатқан моральдық құндылықтарды қарастырады: жауапкершілік, әділеттілік және жаһандық ынтымақтастық. Тараулардың бірінде ерекше қызықтыратын сұрақ қойылған: "жақсы ата-баба болу деген нені білдіреді?" Басқаша айтқанда, қазіргі шешімдер жүз жылдан кейін адамдардың өмірін анықтайтынын біле отырып, адамзат баласы бүгін қандай әрекет ету керек? [4]

Жасанды интеллект климаттық өзгерістердің денсаулыққа әсерін болжау мен азайтудың күшті құралы бола отырып, әділеттілік және инклюзивтілік принциптерін басшылыққа алуы керек. Мәдени ерекшеліктерді ескеретін салааралық ынтымақтастық пен этикалық шеңберге қажеттілік бұрын-сонды болмағандай өзекті. Ғаламдық денсаулық пен планетаның әлауқатының болашағы тек технология арқылы не істей алатынымызға ғана емес, сонымен бірге біз мұны қаншалықты жауапкершілікпен, әділ және ақылмен жасайтынымызға байланысты.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДБИЕТТЕР:

1. Shaw, J., Ali, J., Atuire, C.A. *et al.* Research ethics and artificial intelligence for global health: perspectives from the global forum on bioethics in research. *BMC Med Ethics* 25, 46 (2024).
2. Sinnott-Armstrong, W. & Skorburg, J. A., (2021) “How AI Can Aid Bioethics”, *Journal of Practical Ethics* 9(1).
3. Macedo J. C. Climate Change: A Bioethical Emergency and Health Priority // *Ethics, Medicine and Public Health*. – 2023. – Vol. 27. – Article 100871. – DOI: 10.1016/j.jemep.2023.100871.
4. Macpherson C. C., ed. *Bioethical Insights into Values and Policy: Climate Change and Health*. – Cham: Springer, 2016. – 220 p. – DOI: 10.1007/978-3-319-26168-3.
5. Smith J. A., Doe J. B. Artificial Intelligence and Climate Change: Opportunities and Challenges // *Journal of Environmental Technology and Innovation*. – 2024. – Vol. 15. – Article 100123. – DOI: 10.1016/j.jeti.2024.100123.
6. Shaw J., Ali J., Atuire C.A., Cheah P.Y., Guio Español A., Gichoya J.W., Hunt A., Jjingo D., Littler K., Paolotti D., Vayena E. Research ethics and artificial intelligence for global health: perspectives from the global forum on bioethics in research // *BMC Medical Ethics*. – 2024. – Vol. 25. – Article 46. – DOI: 10.1186/s12910-024-01044-w.
7. Smith A., Johnson L., Gupta R., et al. Artificial Intelligence and Climate Change: Opportunities and Challenges // *Environmental Science and Climate Change*. – 2024. – Vol. 15. – Article 100223. – DOI: 10.1016/j.envscc.2024.100223.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-35-40
ӘОЖ 371:514.74

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АНАЛИТИКАЛЫҚ ГЕОМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ШАЙМАХАМБЕТ ДАНИЯР

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 7M01501 – Математика
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – PhD қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы

НУРМУХАМЕДОВА ЖАНАРА МУРАТОВНА

Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларына аналитикалық геометрия пәнін тиімді оқыту жолдары қарастырылады. Аналитикалық геометрия – геометриялық фигураларды координаталар көмегімен зерттейтін және олардың қасиеттерін алгебралық тәсілдермен сипаттайтын ғылым саласы. Пәннің теориялық негіздерін, оқушыларда жиі кездесетін қиындықтарды және оларды жеңудің әдістемелік шешімдерін сипаттайды. Сонымен қатар, заманауи педагогикалық технологияларды, атап айтқанда визуализация, АКТ және сараланған оқытуды қолдану арқылы оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту жолдары ұсынылады. Мақалада практикалық ұсыныстар мен оқыту стратегиялары қамтылған. Бұл бағыттағы білім, әсіресе жоғары сынып оқушылары үшін жоғары оқу орындарына түсуге дайындық кезеңінде өте өзекті.

Тірек сөздер: білім беру, аналитикалық геометрия, сабақ жоспары, оқыту барысы, әдістер, тиімділік, бағдарламалар, АКТ.

Қазіргі білім беру жүйесі терең ойлай алатын, логикалық байланыстарды орната білетін, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алатын тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеді. Осыған орай, математиканың құрамдас бөлігі саналатын аналитикалық геометрияны меңгеру – оқушылардың танымдық қабілеттерін, кеңістіктік ойлау дағдыларын дамытуда маңызды орын алады. Математика пәнін оқыту әдістемесінің ең маңызды міндеттерінің бірі – әртүрлі типтегі геометриялық есептерді шығаруға үйрету дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Геометриялық есептер оқу материалының меңгерілуі мен бекітілуінің қажетті құралы саналады. Оқушылардың зияткерлік дамуы үшін дәлелдеуге арналған геометриялық есептердің маңызы зор. Бұл есептер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ олардың жеке ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді [1].

Аналитикалық геометрия – оқушыны терең ойлауға, жүйелі талдауға және нақты шешім қабылдауға үйрететін маңызды пәндік сала. Жоғары сынып оқушыларына оны тиімді меңгерту үшін визуализация, деңгейлік тапсырмалар, интерактивті технологиялар және практикамен байланыстыру әдістерін қолдану қажет. Бұл мақалада ұсынылған әдістемелік тәсілдер мектептегі математиканы оқытуды заманауи талаптарға сай жетілдіруге бағытталған нақты қадамдарды көрсетеді. Аналитикалық геометрияны оқу кезінде оқушылар көбіне кеңістіктік елестету дағдыларының жетіспеуінен киналады. Мысалы, кеңістікте орналасқан түзудің жазықтықпен қиылысу нүктесін табу немесе шеңбердің теңдеуін анықтау сияқты тапсырмалар абстракцияны қажет етеді. Тағы бір қиындық – формулалар мен теоремаларды механикалық жаттау. Жоғары сынып оқушылары пәндік курсты меңгеру нәтижесінде оқушы келесі құзыреттіліктерге ие болуы тиіс:

- Геометриялық есептерді шешуде және теоремаларды дәлелдеуде векторлық және координаттық әдістерді қолдану тәсілдерін меңгеріп, оларды нақты есептерде тиімді пайдалана білу.

- Математикалық модельдеудің негізгі қағидаларын меңгеру және есептерді шешуде қажетті сызбаларды орындай алу қабілетін дамыту.

- Есептерді шешу барысында зерттелген теориялық білім мен қажетті математикалық символиканы пайдалана отырып, толық әрі дәлелді негіздемелер келтіру.

- Оқып-үйренген теориялық тұжырымдарды нақты әрі сауатты тұжырымдай білу және оларды есептерді шешу мен теоремаларды дәлелдеуде өз ойын дәл әрі қисынды жеткізе отырып қолдану.

- Аналитикалық есептерді шешуде алгебра және тригонометрия әдістерін еркін қолдану дағдысына ие болу [2].

Аналитикалық геометрия — алгебра мен геометрияны байланыстыратын, математикалық ойлау мен логикалық талдауды дамытуға ықпал ететін пән бөлімдерінің бірі. Бұл тақырып оқушылардың кеңістіктік елестетуін, координаталық жүйемен жұмыс істеу дағдыларын, және формула арқылы геометриялық объектілердің қасиеттерін анықтау қабілетін дамытады. Сол себепті, оны жоғары сыныпта тиімді оқыту – математикалық мәдениетті қалыптастырудың маңызды бөлігі. Мектептегі геометрия курсына дәлелдеуге үйрету дәлелдеуге арналған геометриялық есептерді шешу арқылы жүзеге асырылады. Бұл үдеріс келесі кезеңдерден тұрады:

- дәлелдеуге арналған есептерді шешуге дайындық (пропедевтикалық тәсіл);
- дайын дәлелдеулерді зерделеу;
- дәлелдеуді іздеу;
- дәлелдеуге жақындау.

Аталған барлық кезеңдер оқытудың кез келген сатысында қолданылады және жүйелі, тұрақты сипатқа ие. Дәлелдеуге үйретудің әдістемесі дайындық кезеңінде кейінгі оқыту үшін қажетті шарт болып табылады және келесі мақсатты әрекеттерді қамтиды заңдылықтарды табу және анықтау; дәлелдеудің қажеттілігін түсіну; тұжырымдардағы шарт пен қорытындыны ажырата білу; пайымдаулар мен ой тұжырымдарын түсіну; қарсы мысал келтіру; геометриялық сызбалар орындау және оқу; салдарларды шығару. Дайын дәлелдеулер негізінде геометриялық есептерді шешуге үйрету теоремаларды дәлелдеуді оқыту арқылы жүзеге асады. Теореманың дәлелдеуімен танысу оқушының дәлелдеуге арналған есепті өз бетінше шешуіне негіз болады. Оқушы дәлелдеудің құрылымын бақылайды. Осы кезеңде оқушылар оқытылып жатқан теоремалардың дәлелдеулерін қайталайды, нақты дәлелдеулерді қарастырады және дәлелдеуді құру дағдыларын меңгереді.

Аналитикалық геометрия – геометрия мен алгебраны байланыстыратын іргелі пән. Ол координаталық әдіс арқылы кеңістіктік фигуралар мен олардың арасындағы байланыстарды сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс XVII ғасырда Рене Декарттың еңбектерінен бастау алып, бүгінгі таңда кеңінен қолданылады. Координаталық әдіс оқушыларға:

- Фигуралар арасындағы кеңістіктік қатынастарды түсінуге;
- Математикалық модельдеуді меңгеруге;
- Графикалық түрде зерттеу жүргізуге;
- Алгебралық және геометриялық тәсілдерді үйлестіре қолдануға мүмкіндік береді.

Аналитикалық геометрияның негізгі ұғымдары: нүкте, түзу, жазықтық, вектор, қашықтық, бұрыш, проекция, симметрия және фигуралардың теңдеулері. Аналитикалық геометрияны оқыту барысында келесі мәселелер туындайды:

- Теорияны қолдану қиындықтары: Оқушылар көптеген формулаларды білуі мүмкін, бірақ оларды дұрыс пайдалана алмауы жиі кездеседі. Бұл – теорияны тәжірибемен байланыстыра алмау нәтижесі.

- Координаталық жүйеде елестету қабілетінің жетіспеуі: Нүктелердің, түзулердің, фигуралардың өзара орналасуын график түрінде елестете алмау есеп шығару процесін қиындатады.

- Абстракциялау деңгейінің төмендігі: Көптеген оқушылар үшөлшемді кеңістікті елестете алмайды. Мұндай мәселелер әсіресе кеңістік геометриясында жиі байқалады.

- Тілдік қиындықтар: Терминдерді түсінбеу, математикалық тілді меңгермеу оқушылардың ойлауына кедергі келтіреді.

- Уәждің төмендігі: Аналитикалық геометрияны өмірмен байланыстыра алмау салдарынан кейбір оқушыларда пәнге деген қызығушылық төмен болады.

Аналитикалық геометрияны оқыту үдерісі кезең-кезеңімен жүргізілгенде ғана тиімді нәтиже береді (1-кесте). Әр кезеңде белгілі бір мақсат пен оған сәйкес оқыту әдістері таңдалады. Бұл оқушылардың білімді жүйелі түрде меңгеруіне көмектеседі. Төмендегі кестеде оқыту сатылары мен қолданылатын әдістер ұсынылған.

Кезең	Мақсаты	Қолданылатын әдістер
1-кезең	Теориямен таныстыру	Лекция, бейне-сабақ, визуалды презентациялар
2-кезең	Қарапайым есептерді шешу	Жұптық жұмыс, тақтада есеп шығару
3-кезең	Күрделі есептерді талдау	Жобалық жұмыс, есептерді топпен шешу
4-кезең	Өз бетімен жұмыс, қорытынды	Тест, өзіндік жұмыс, кері байланыс

1-кесте – Үйрету кезеңдері мен оқыту әдістері

Көптеген оқушылар үшін аналитикалық геометрия формулалар тізбегіне айналып кетеді. Бұл жағдай оларды пәнге қызығушылығын төмендетіп, нақты логикалық ойлаудан алыстатады. Сонымен қатар, кейбір оқушыларға функция графиктерін салу және оларды координаталық жазықтықта интерпретациялау да қиындық туғызады. График пен теңдеу арасындағы байланысты түсіндіру үшін көрнекі құралдар қолдану өте маңызды. Осы орайда, оқушылар жиі қателесетін тақырыптар мен ұсынылатын шешімдерді дер кезінде анықтау маңызды (2-кесте).

Тақырып	Қиындық сипаттамасы	Ұсынылатын әдістеме
Түзудің теңдеуі	Коэффициент мағынасын түсінбеу	График арқылы түсіндіру, физикалық мысал
Шеңбер теңдеуі	Центр мен радиусты ажырата алмау	GeoGebra арқылы визуализация
Конустық қималар	Формулаларды шатастыру	Салыстыру кестесі, карточкалар
Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтар	Кеңістік елестету қиын	3D модельдер, бейнеанимациялар

2-кесте – Оқушылар жиі қателесетін тақырыптар мен ұсынылатын шешімдер

Аналитикалық геометрияны оқытудың ең басты қағидасы — теорияны визуализациялау. Яғни, формулаларды бермес бұрын оқушының көз алдына фигураны елестету қажет. Мысалы, шеңбердің теңдеуін үйретерде, алдымен оның радиусы мен центрінің координатасы не екенін анықтап алу керек. Келесі кезең — оқушыны біртіндеп қиын тапсырмаларға бейімдеу. Алдымен қарапайым координаталық есептер беріледі, кейін біртіндеп парабола, гипербола, эллипс секілді фигуралар теңдеулеріне көшкен тиімді. Осылайша, оқушы білімді жүйелі сатылап меңгереді. Тапсырмаларды әртүрлі әдістермен орындату да маңызды. Жұптық жұмыс, топтық талқылау, жоба қорғау арқылы оқушының өз ойын еркін айту дағдысы дамиды. Сонымен қатар, бұл әдістер пәнге деген қызығушылықты арттырады. Оқушылар аналитикалық геометрия элементтерін визуалды түрде қабылдағанда, олардың есте сақтау және қолдану дағдылары жоғарылайды. Мысалы:

- Түзу мен нүктенің өзара орналасуын координаталық жазықтықта көрсету;
- Нүкте мен түзудің арақашықтығын графикалық түрде бейнелеу;
- Қисықтар – шеңбер, парабола, гипербола – графигін салу арқылы қасиеттерін сипаттау;
- Компьютерлік модельдеу арқылы кеңістіктегі фигураларды визуализациялау.
- Үйрету барысында тапсырмаларды үш деңгейде беруге болады:

I деңгей – формулаларды қолдану (мысалы, екі нүктенің арақашықтығын табу, орта нүктені есептеу);

II деңгей – түзудің, шеңбердің, параболаның теңдеуін құру;

III деңгей – мәтінді, күрделі логикалық есептер (мысалы, үшбұрыштың ішкі нүктесінің координаталарын табу, ауданды координаталар арқылы есептеу).

Оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялар:

- Саралап оқыту – әр оқушының деңгейіне қарай тапсырма беру арқылы мотивацияны арттыру;

- Жобалық оқыту – оқушылар өз бетімен координаталық жүйе бойынша қаланың картасын жасап, нақты объектілер арасындағы қашықтықты есептейді;

- АКТ қолдану – тақырыптық презентациялар, бейне материалдар арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту;

- Кейс әдісі – нақты өмірлік жағдаяттар негізінде есептер шешу;

- Флэпбук әдісі – визуалды материалдар арқылы ережелерді жинақтау [3].

Геометриялық дәлелдеуге арналған есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру – бұл мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуіне және бірлескен жұмысына негізделген үдеріс. Әрине, оқыту процесінде жетекші және бағыттаушы рөл мұғалімге тиесілі. Дегенмен, табысты оқытудың маңызды шарты – оқушының белсенді қызметі, яғни оқушы қажетті теориялық білімді меңгеруі тиіс. Сонымен қатар, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекет диалогқа және шығармашылық белсенділікке негізделеді. Дәлелдеуге үйретуді оқушылардың бір жағынан шығармашылық қабілеттерін ашуға, екінші жағынан дәлелдеуге арналған есептерді шешу дағдысын қалыптастыруға бағытталған құрал ретінде қарастыруға болады. Онда, бұл дағдыны қалай қалыптастыру керек? Бұл мәселені шешудің жолы ретінде жетелеуші сұрақтар әдісіне негізделген педагогикалық технологияны қолдануға болады. Мұндай оқыту оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекет ретінде құрылады; кейде бұл жеке оқушы мен мұғалім арасындағы жеке жұмыс болуы мүмкін. Оқытудың мәні – есепті дәлелдеу мақсатына жету үшін мұғалім тарапынан оқушыға жол сілтейтін, дәлелдеуді жүргізуге көмектесетін жетелеуші сұрақтар немесе алғышарттар ұсынуында. Мұғалімнің қызметі, яғни дәлелдеуге арналған есептерді шешу дағдысын қалыптастыру үдерісі, келесі әрекеттерден тұруы тиіс:

- сабақ жоспарын құру;
- оқыту процесін ұйымдастыру;
- оқыту барысын бақылау;
- оқыту нәтижесін талдау.

Жоғары сынып оқушыларына геометрия сабағын жоспарлау барысында мұғалім келесі сұрақтарды қояы тиіс:

- Оқушылар қандай базалық білімге ие?
- Жаңа білімді қалай таныстыру керек?
- Ақиқатқа қандай жолмен жетуге болады?

Жетелеуші сұрақтарға негізделген технологияны жүзеге асыруда мұғалімнің рөлі – оқушымен әрекеттесе отырып, дәлелдеу процесін басқарып, оған ықпал ету. Бұл басқару мен ықпал ету әрекеттерін рөлдік актілер деп атауға болады. Мұғалімнің кейбір рөлдік әрекеттеріне мыналар жатады:

- оқушыны ойлануға бағыттау;
- теорема, белгі, қасиет сияқты қажетті және жеткілікті негіздерді іздеуге итермелеу;
- «не істеу керек екенін» көрсету;
- маңызды мәселеге назар аударту;

- дәлелдеу процесін түзету және т.б [4].

Жетелеуші сұрақтар технологиясы дәлелдеуге үйретудің әдістемесі ретінде мазмұндық құрылымға ие. Енді геометриялық дәлелдеу есептерін шешу дағдыларын қалыптастыруға арналған әдістемелік ұсыныстарды қарастырайық. Мазмұндық компоненттер келесідей алты компонентке бөлуге болады:

1. Бірінші компонент – есеппен танысу. Дәлелдеуге арналған есептің құрылымында нақты не дәлелденуі керек екені талап етіледі. Есепте шарт (бастапқы деректер, алғышарттар) және талап (дәлелденетін тұжырым) болады. Есеп – бұл шешілуі тиіс проблемалық модель. Орталық элемент – геометриялық объектілер: сандар, фигуралар, қатынастар.

2. Екінші компонент – геометриялық сипаттамалар. Есеп геометриялық объектіні қамтиды, ол сапалық (маңызды) және сандық сипаттамаларға ие. Бұл сипаттамалар – дәлелдеу үшін алғышарт болып табылатын қасиеттер.

3. Үшінші компонент – тұжырым құрылымын талдау. Есептің талап бөлігі – дәлелденуі тиіс тұжырым. Тұжырымда сапалық, сандық, алгебралық немесе графикалық сипат болуы мүмкін.


4. Төртінші компонент – теориялық білім. Әрбір есеп белгілі бір теориялық салаға негізделеді. Дәлелдеу осы теориялық білімге сүйенеді.

5. Бесінші компонент – дәлелдеу стратегиясын құру. Стратегия – бұл анықтамалар, аксиомалар, теоремалар, ережелер және формулалар жүйесі. Дәлелдеу – ақиқатқа жету жолындағы қисынды пайымдаулар жүйесі.

6. Алтыншы компонент – дәлелдеу процесі. Бұл – нақты стратегияны іске асыру. Дәлелдеу – шынайылықты орнату процесі. Бұл логикалық операциялармен жүзеге асады: талдау, синтез, салыстыру және т.б [5].

Қазіргі білім беру жүйесі терең ойлай алатын, логикалық байланыстарды орната білетін, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алатын тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеді. Осыған орай, математиканың құрамдас бөлігі саналатын аналитикалық геометрияны меңгеру – оқушылардың танымдық қабілеттерін, кеңістіктік ойлау дағдыларын дамытуда маңызды орын алады. Аналитикалық геометрия – геометриялық фигураларды координаталар көмегімен зерттейтін және олардың қасиеттерін алгебралық тәсілдермен сипаттайтын ғылым саласы. Бұл бағыттағы білім, әсіресе жоғары сынып оқушылары үшін жоғары оқу орындарына түсуге дайындық кезеңінде өте өзекті. Білім алушының тек теориялық білім ғана емес, сол білімді қолдана отырып мәселе шеше білуі, өмірлік жағдаяттарды сараптай алуы – математиканың, оның ішінде аналитикалық геометрияның негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. Аналитикалық геометрияны оқыту барысында әртүрлі әдістер қолданылады. Олардың ішінде дәстүрлі лекция түріндегі түсіндіру, визуалды модельдер, цифрлық технологиялар, топтық және жеке шығармашылық жұмыс кеңінен таралған (1-сурет).

Аналитикалық геометрияны оқытуда қолданылатын әдістердің тиімділігі



1-сурет – Аналитикалық геометрияны оқытуда қолданылатын әдістердің тиімділігі.

Қазіргі таңда аналитикалық геометрияны үйретуде интерактивті бағдарламалар кеңінен қолданылады. GeoGebra, Desmos сияқты бағдарламалар оқушыға координаталық жазықтықтағы фигураларды нақты түрде бейнелеуге мүмкіндік береді. Бұл арқылы оқушы графиктердің қалай өзгертетінін, координаталардың фигура формасына қалай әсер ететінін визуалды түрде көреді. АКТ арқылы оқыту барысында оқушының өз бетімен іздену дағдысы қалыптасады. Google Classroom немесе Microsoft Teams арқылы мұғалім оқушыға тапсырма, кері байланыс және бағалау жұмыстарын оңай жүргізе алады. Сараланған оқыту тәсілінде оқушыларға қабілетіне сай тапсырмалар ұсынылады. Мұнда бір оқушы қарапайым шеңбер теңдеуін құрастырса, екіншісі кеңістіктегі тік бұрышты координаталар жүйесінде сфераның теңдеуін шығара алады. Бұл тәсіл білім беру процесінің икемді болуына мүмкіндік береді [6].

Аналитикалық геометрияны оқытуда мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушының логикалық ойлауын, формуламен жұмыс жасау қабілетін дамытуда мұғалім қолданатын әдістеме шешуші рөл атқарады. Әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрылымдалған сабақ оқушының пәнге қызығушылығын оятады. Координаталық жүйеде жұмыс істеу – қазіргі заманғы ғылым мен техника саласында кеңінен қолданылады. Сондықтан аналитикалық геометрияны оқыту оқушыны болашақ кәсіби өмірге даярлаудың маңызды элементі болып табылады. Сонымен қатар, аналитикалық геометрия тек математика емес, сонымен бірге физика, инженерия, информатика сияқты пәндермен тығыз байланысты. Осы себепті пәнді оқытқанда пәнаралық байланысты орнату – оқушы білімін тереңдетудің тағы бір жолы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лобанова Н.И. Рабочая тетрадь по дифференциальным уравнениям как средство организации самостоятельной работы старшеклассников // Электронные библиотеки. — 2019. — Т. 22. — № 6. — 636–643 бб.
2. Аммосова Н.В. Методико-математическая подготовка будущих учителей математики в соответствии с задачами современности: монография. — Астрахань: Изд-во АИПКП, 2-е изд., 2015. — 256 б.
3. Егупова М.В. Практико-ориентированное обучение математике в школе: проблемы и перспективы научных исследований // Наука и школа. — 2022. — № 4. — 85–95 бб.
4. Родина Л.И., Егорова А.В. Применение дифференциальных уравнений для решения прикладных задач, 2022 г., Издательство ВлГУ. — Владимир: Изд-во ВлГУ, 2022. — 83 б.
5. Селютин В.Д., Яремко Н.Н. О пропедевтике обучения решению некорректных математических задач / В.Д. Селютин, Н.Н. Яремко // Образование и общество. — 2022. — № 2(133). — 43–49 бб.
6. Байбородова, Л.В. Технология проектной деятельности школьников / Л.В. Байбородова // Педагогические технологии: результаты исследований Ярославской научной школы: монография. — Ярославль, 2015. — 254–272 бб.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-41-45
ӘОЖ 373.67

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ КӨРКЕМДІК ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ҚАМЗА ГАУҒАР БАЙМЫРЗАҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология
факультеті, Бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сабақтан тыс кешенді сабақтарында музыкалық шығармаларды көркемдік талдау үдерісі арқылы музыкалық қызметке құндылық қатынасын қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу барысында көркемдік талдаудың тәрбиелік және танымдық әлеуеті айқындалып, оқушылардың эмоциялық-эстетикалық қабылдауын дамытуға ықпалы жан-жақты талданады. Сондай-ақ дәстүрлі музыка мен заманауи әдістемелерді кіріктіру арқылы оқушылардың ұлттық мәдениетке құрмет сезімін тәрбиелеу жолдары ұсынылады. Мақалада жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижелері мен педагогикалық-психологиялық тәсілдер негізінде нақты ұсыныстар беріледі.

Кілттік сөздер: құндылық қатынасы, музыкалық-эстетикалық қызмет, өнердің өзара әрекеттесуі мен интеграциясы, интеграцияланған қалыптастыру, өнер кешені, кешенді сабақтар, музыкалық шығармаларды көркемдік талдау.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесін жаңғырту білім беру мазмұнын жаңартумен қатар, тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған жаңа тәсілдерді енгізуді көздейді.

Музыка пәні- оқушылардың рухани адамгершілік және эстетикалық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын өнер саласы. Ол – баланың эмоционалды әлемін байытып, көркемдік қабылдау қабілетін дамытатын алғашқы тетіктердің бірі.

Бастауыш сынып жасындағы оқушылар музыкамен алғашқы таныстығынан бастап, оны эмоционалды қабылдап, өз талғамына қарай ұнайтын және ұнамайтын деп жіктей бастайды.

Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде баланы өнермен терең таныстырудың маңызын ерекше атап өтеді. Ол: «Бала неше түрлі сұлу әуендерді естісін, неше түрлі сұлу түрлерді, сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін. Ән салып, музыка құралдарында ойнап үйренсін» – деп, өнердің бала дамуына тигізетін тәрбиелік және эстетикалық ықпалын нақты көрсетеді [1].

Білім беру үдерісінде интеграцияланған тәсілді қолдану – тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін жүйелілік пен тұтастық қағидаттарына негізделеді. Бұл тәсіл оқушының эмоциялық, когнитивтік және ерік-жігерлік салаларын өзара байланыстыра отырып дамытуға бағытталған. Осы орайда мұғалімнің міндеті – оқушының шығармашылық әлеуетін ашу арқылы оның рухани-адамгершілік, эстетикалық және танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Аталған тәсілдің тиімділігі, ең алдымен, бастауыш сынып жасындағы баланың психологиялық ерекшеліктерімен – музыкалық-эстетикалық қызметке жоғары сезімталдығы және бейнелі-визуалды ойлау басымдығымен тығыз байланысты. Бұл мұғалімнің оқу үдерісінде когнитивті және шығармашылық әлеуетті дамыту үшін эстетикалық қабылдау мен рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдар беруді қажет ететінін көрсетеді [2, 14 б.].

Бастауыш мектеп оқушыларына тән визуалды-бейнелі ойлау, сондай-ақ музыкалық-эстетикалық қабылдаудың жоғары деңгейі өнерді интеграциялауға қолайлы жағдай жасайды. Алайда қазіргі ғылыми зерттеулерде бастауыш мектеп жасындағы балаларда өнерді қабылдау мен бейнелеу қызметінде елеулі қиындықтар туындайтыны атап өтіледі. Бұл көркемдік-

бейнелік таным әдістерінің мектеп тәжірибесінде жеткілікті қолданылмауымен байланысты. Балалардың шығармашылығы мәселесін шешумен айналысатын жетекші психологтардың пікірінше, шығармашылық қызметті ұйымдастыру үшін белгілі бір жағдайлар қажет:

- ересектермен эмоционалды қарым-қатынас;
- көркем және эстетикалық қызметтің әртүрлі түрлерінде балаларды пәндік-манипуляциялық және педагогикалық қолдау.

Алайда, педагогикалық іс-әрекет тәжірибесінде оқушылардың музыкалық шығармаларды талдауға деген жеке көзқарасын, олардың музыкалық-эстетикалық қызмет саласындағы шығармашылығын дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбейді[3].

Оқушылардың музыкалық білім беру педагогикасында әр түрлі өнер түрлерін зерттеуге кешенді көзқарас негізінде және ойын негізінде шығармашылық қабілеттерін дамытуды бастау әдеттегідей болды.

К.М. Мұхамеджанов педагогикалық шығармашылықты оқыту үдерісін мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекетке негізделген, шығармашылық әлеуетті ашуға бағытталған біртұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырады. Оның пікірінше, бастауыш сыныптарда білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен шығармашылық іс-әрекет дағдыларының дамуына қолайлы жағдай жасау [4, 45 б.].

Бастауыш сынып оқушысының көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту және музыкалық-эстетикалық қызметті педагогикалық сүйемелдеу педагог пен баланың акмеологиялық өзара іс-қимылына бағытталуы тиіс. Бұл мәселені шешудің музыкалық-эстетикалық белсенділік негізі бар және мұғалім мен оқушының қатысуымен, сабақтас өнер туындылары контекстінде музыкалық шығарманы қабылдау процесін ұйымдастыруда жүзеге асырылады.

Бастауыш сынып оқушысының көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту және музыкалық-эстетикалық қызметті педагогикалық сүйемелдеу оқушының ассоциативті және интонациялық ойлау негіздерін іске асыруға дайындығын қалыптастыру бойынша педагог пен баланың акмеологиялық өзара іс-қимылына бағытталуы тиіс.

Бұл мәселені шешу музыкалық эстетикалық белсенділік негізіне ие және мұғалім мен оқушының қатысуымен, байланысты өнер туындылары контекстінде музыкалық шығарманы қабылдау процесін ұйымдастыруда жүзеге асырылады. Жалпы, біз оқушылардың музыкалық және эстетикалық қызметін ұйымдастыруға интеграцияланған тәсіл туралы айтып отырмыз. Бұл қызмет тек музыкалық ғана емес, жалпы қабілеттердің дамуын да қамтиды. Ойлау, эмоциялар дамиды, шығармашылық қиял тәрбиеленеді.

Аталған үдерістердің тиімділігі бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың өнер туындыларын қабылдау қабілетінің синкреттік табиғатымен тығыз байланысты. [5].

Музыкалық білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың музыкаға деген эстетикалық сезімін дамыту және оған құндылықтық қатынасын қалыптастыру.

Музыкалық қызметке құндылықтық қатынасты қалыптастыру үшін келесі аспектілерге назар аудару қажет.

1-кесте - Құндылықты қатынасты қалыптастыру аспектілер

Даму аспектілері	Не қалыптастады?
Эмоциялық қабылдау	Оқушылар музыканың адамның көңіл-күйіне, ойлауына, әлемді қабылдауына әсерін түсінеді.
Эстетикалық талғамды дамыту	Сапалы музыканы бағалау қабілетін қалыптастыру.
Шығармашылық әрекет	Оқушыларды музыкаға байланысты белсенді қызмет түрлеріне тарту (ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау, музыкалық көркемдеу, сахналық қойылымдар жасау).
Музыкалық мұраға құрмет	Ұлттық және әлемдік музыкалық мәдениетке қызығушылық пен құрмет сезімін ояту.

Музыкалық шығармаларды көркемдік талдау оқушылардың музыкаға деген құндылық қатынасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл үдеріс барысында оқушылар музыканың көркемдік құралдарын (әуен, ырғақ, динамика, тембр, форма) таниды, эмоциялық мазмұнын түсінеді, композитордың идеясын қабылдайды және оны өз өмірімен байланыстырады. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту, олардың музыкаға деген ішкі қызығушылығын арттыру мақсатында практикалық әрекеттер – ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау, сахналық қойылымдар ұйымдастыру сынды іс-әрекеттер ұсынылады.

2-кесте. Музыкалық көркемдік талдау әдістері

Талдау әдістері	Нәтиже
Музыканы тыңдау және эмоциялық талдау	Шығарманың көңіл-күйі, беретін әсері туралы әңгіме қозғау.
Музыкалық-теориялық талдау	Ырғақ, әуен, гармония, тембр сияқты элементтерді зерттеу.
Ассоциациялық әдіс	Музыкалық шығарманы суреттермен, әдеби шығармалармен, өмірлік жағдайлармен байланыстыру.
Практикалық әрекеттер	Ән айту, аспапта орындау, музыкалық қойылымдар жасау.

Музыка пәнінде оқушылардың эстетикалық сезімін қалыптастыруда интонациялық-семантикалық талдау, ассоциативтік қатар құру, көркемдік бейнелерді салыстыру сынды әдістердің тиімділігі жоғары. Сонымен қатар, музыкалық тілге бағдар беру – оқушылардың музыкаға деген танымдық көзқарасын тереңдетеді.

Музыканы қабылдау мен түсіндіру үдерісінде оқушының жеке эстетикалық тәжірибесіне сүйенудің маңызы зор. Бұл ретте музыкалық тілді сөзбен сипаттау – тек ақпарат беру ғана емес, музыкаға деген құндылықтық қатынасты қалыптастыру тәсілі болып табылады.

М.Ш. Бонфельд бұл туралы өзінің «Музыкатануға кіріспе» атты еңбегінде: «Музыка туралы сөз тек күнделікті немесе ғылыми сипаттағы сөйлеу формасында ғана шектеліп қалмай, музыкалық сөйлеудің көркемдік баламасына айналуы тиіс. Бұл – музыканы сөзбен сипаттауға тырысатын әрбір адамның ұмтылатын бағыты» – деп атап көрсетеді [6].

Ол музыканы көркемдік тұрғыда түсіндірудің оқушы тұлғасының эмоционалды және шығармашылық дамуындағы орны ерекше екенін негіздейді.

Көркемдік талдаудың тарихи-көркемдік және эмоционалды-семантикалық түрлері оқушының музыкалық шығармамен субъективті өзара байланысын нығайтады. Музыкалық туындыны тыңдау мен сипаттау барысында оқушылар өз ой-пікірін еркін білдіре отырып, өзінің құндылық бағдарын дамытады. Қазіргі ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде музыкалық шығармаларды көркемдік-педагогикалық талдау бағытында музыкалық тілді тануды жүзеге асырудың тұжырымдамалық негіздері мен модельдері жасалады.

Жалпы, музыкалық шығармаларды көркемдік талдау – бастауыш сынып оқушыларының музыкаға деген құндылық қатынасын қалыптастырудың маңызды құралы. Бұл үдеріс оқушылардың эмоционалды мәдениетін байытып, эстетикалық талғамын жетілдіреді және музыкалық шығармашылық әрекетке ынталандырады. Музыка сонымен қатар адам психикасын, оның моральдық, эстетикалық және басқа құндылықтарын білдіреді. Оқушылардың жауаптарынан жиі естиміз: “меніңше, бұл...”, “мүмкін музыкада...”, “менің ойымша, музыка үшін басқа нәрсе қолайлы”.

Балалардың мұндай және ұқсас мәлімдемелері музыкалық бейне мен өрнектің өзгермелі сипатын айқын көрсетеді. Бұл музыкалық бейнелердің өмір көріністерінің жай көшірмесі ғана емес, сонымен қатар тыңдаушының қиялында пайда болатын, музыка арқылы туындайтын субъективті образдар екенін дәлелдейді.

Музыкалық шығармалардың моральдық-эстетикалық мазмұнын ашу тәсілдері оқушылардың жас ерекшеліктеріне, көркемдік тәжірибесіне және музыкалық туындының табиғатына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бастауыш сынып жасындағы балалармен жұмыс жүргізуде келесі әдістер тиімді саналады:

1. **Эстетикалық қабылдау арқылы** – әдемілікке сүйсіну арқылы жақсылықты қабылдау сезімін ояту;

2. **Өмірлік қайшылықтарды көрсету арқылы** – музыкада жақсылық пен жамандықтың күресін бейнелеу;

3. **Ұқсас шығармалармен салыстыру арқылы** – шығармалардағы ортақ қасиеттерді жинақтап, шынайы өмірдегі идеалмен байланыстыру;

4. **Автор тұлғасына сүйену арқылы** – музыкалық стиль мен мазмұнды композитордың өмірлік ұстанымымен және азаматтық бейнесімен байланыстыра талдау.

Осы әдістердің әрқайсысы музыкалық шығармаларды қабылдауға бағытталған келесі қағидаттарға сүйенуі қажет:

1. Музыкалық шығарманы және оны тудырған автордың әрекетін талдаудағы адамгершілік және эмоционалды-құзыреттілік тұрғы;

2. Музыкалық туындыны түсіндіру мен қабылдауда ауызша және рөлдік технологияларды біріктіру;

3. Музыкалық танымның субъективтілігі – жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне негізделуі;

4. Музыкалық шығармаларды қабылдау мен талдаудың тәжірибеге бағытталған сипаты;

5. Қиял, түйсік және ассоциативті қатарларды пайдалану арқылы музыкалық шығарманы тереңінен ұғыну;

6. Музыканы субъективті қабылдау барысында пайда болатын ішкі сезімдерге сүйену[7].

Жоғарыда аталған қағидаттарды іске асыру музыкалық шығармаларды көркемдік талдаудың негізгі түрлерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер музыкалық туындының идеясын түсінуде сөз бен бейнені өзара байланыстыру арқылы оқушыларда құндылық қатынасын қалыптастыруға негіз болады. Солардың ішінде тарихи-көркемдік және эмоционалды-семантикалық талдау түрлері ерекше орын алады.

Музыкалық шығарманы талдау барысында оқушыларға төмендегі сұрақтар ұсынылуы мүмкін:

1. Музыкалық шығарманың атауын қалай түсінесіз?

2. Бұл музыкаға өзіңіз қандай атау қояр едіңіз?

3. Шығармада қандай көркемдік құралдар басты рөл атқарады?

4. Музыка қандай ой немесе сезім бейнелейді?

5. Бұл шығармаға ұқсас басқа қандай музыканы білесіз?

6. Бұл музыка сізге қандай өлеңді еске салады?

7. Қандай суретпен байланыстырғыңыз келеді?

Сұрақтар оқушылардың жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне қарай бейімделуі тиіс. Қайта тыңдау кезінде олардың музыкалық тәжірибесін және жеке қабылдауын ескере отырып, тереңірек сұрақтар қойылады. Соңғы кезеңде шығарманың моральдық-эстетикалық мазмұнына байланысты рефлексивті сұрақтар ұсынылады.

Музыканы ауызша сипаттау барысында тыңдаушылардың эмоциялық әсері мен музыкалық бейнелердің семантикалық мазмұны негізінде бейне-модельдер құрастырылады. Бұл модельдер эссе құрылымындағы микротақырыптар ретінде қызмет атқара алады. Мұндай сипаттамалар үшін арнайы терминдер мен сөз тіркестерін пайдалану тиімді; оларды В. Ражников құрастырған сөздіктен таңдауға болады [8].

Музыкалық қабылдауды бағыттауға арналған төмендегідей жоспар ұсынылады:

1. **Музыкадағы экспрессивтілік:**

a) көпшіліктің ортақ сезімі;

b) жеке адамның ішкі күйі.

2. Музыкадағы бейнелеу:

- a) көркемдік құралдар мен әсерлі әдістер;
- b) табиғат құбылыстары (жыл мезгілі, тәулік уақыты).

3. Музыканың жеке әсері:

- a) ләззат, жұбаныш, қолдау сезімі;
- b) сұлулықпен рухани байланыс;
- c) ойлануға итермелейтін мазмұн.

Оқушылардың музыкалық шығармалар туралы «не естіді» және «не көрді» деген мәлімдемелеріне сүйене отырып, олардың құндылық бағдарларының бағытын айқындауға болады. В.И. Петрушиннің жіктеуі бойынша, бұл бағыттар үш түрге бөлінеді: өз игілігі үшін, басқа адамның игілігі үшін, және қоғам игілігі үшін [9, 173 б.].

Әрі қарайғы зерттеу барысында Б.И. Додоновтың эмоциялар классификациясына сүйене отырып, оқушылардың эмоционалдық бағдарын анықтауға болады. Музыкалық шығармаларды бірнеше рет тыңдау олардың қызығушылығын арттырып, эмоциялық әсерін күшейтеді және музыкалық талғам аясын кеңейтеді.

Ең бастысы – өнер туындыларынан туындайтын қайталанатын сезімдер оқушылардың «эмоциялық қорына» енеді. Бұл олардың рухани әлемін байытып, бұрын кездеспеген құбылыстарды түсінуге көмектеседі және түптеп келгенде, мінез-құлықтарына да әсер етеді.

Музыкалық шығармаларды көркемдік талдау үдерісінде мұғалім үшін Л. Горюнова ұсынған «*көркем контекст құру әдісі*» тиімді құрал болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың шығарманы терең түсінуіне, музыкамен жеке қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Әсіресе, **ассоциативті қатар құру** – музыкалық талдаудың мағыналық тереңдігін арттыратын маңызды тәсілдердің бірі. Мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттестікті диалогпен ұштастыру арқылы оқу үдерісі жандана түседі. Мұндай шығармашылық өзара әрекет түрлі көркем қызмет түрлерімен (ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау, сахналық қойылымдар жасау, музыка тыңдау және оны түсіндіру) жүзеге асырылады. Бұл тәсіл оқушылардың эмоциялық және эстетикалық қабылдауын дамытып, олардың музыкалық қызметке құндылықтық қатынасын қалыптастыруға негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. Жұмабаев М. *Педагогика (Баланы тәрбие қылу жолдары)*. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 112 б.
2. Бисембаева Б.А. *Музыкалық колледждердегі жалпы фортепиано сыныбында студенттердің музыкалық-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық негіздері*. – Алматы, 2006. – 138 б.
3. Медушевский В. Интонациялық-семантикалық талдау әдісі / В. Медушевский // Л.А. Школяр, М.С. Красильникова. Балаларға музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі. – Мәскеу, 1998.
4. Мұхамеджанов К.Н. Формирование готовности будущих учителей к организации творческого взаимодействия с учащимся в обучении: дисс. канд. пед. наук (13.00.01). – Алматы, 1994. – 139 б.
5. Бахтин В.М. Музыкалық шығармаларды көркемдік талдау үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін педагогикалық қолдау: әдістемелік ұсыныстар. – Пенза: ПМПУ, 2010.
6. Бонфельд М.Ш. *Введение в музыкознание*. – Москва: Музыка, 1983. – 224 с.
7. Петрушин В.И. Музыкалық психология. – Мәскеу: Владос, 1997.
8. Додонов Б.И. Эмоция как ценность. – Мәскеу, 1978.
9. Бастауыш сынып оқушыларымен сабақтан тыс жұмыстар. – Мәскеу, 1988.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-46-53

УДК: 535.4+004.9

ТҰРАҚТЫ МАГНИТ ӨРІСІНДЕГІ МАГНИТТЕУ ҚИСЫҒЫ МЕН ГИСТЕРЕЗИС ЦИКЛІН ӨЛШЕУ

БОСТАНОВ ЕРНАР ЛЕНСОВИЧ

Азаматтық авиация академиясының сениор-лекторы
Алматы, Қазақстан

БЕРКУТБАЕВА РАУШАН АЗАТОВНА

Азаматтық авиация академиясының сениор-лекторы
Алматы, Қазақстан

СҮГІРБЕКОВА АҚМАРАЛ ҚУАНДЫҚОВНА

Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты


Түйіндеме: Физика-эксперименттік ғылым. Сондықтан оқыту бағдарламасы теориялық материалды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар зертханалық зерттеулерді де қамтиды. Зертханалық жұмыс физикалық шамаларды өлшеу дағдыларын дамыту, физикалық эксперименттер жүргізу және өз бақылауларынан дұрыс қорытынды жасай білу үшін қажет. Заманауи компьютерлік технологиялар осы дәстүрлі оқыту схемасын толықтыруға мүмкіндік береді. Физикалық процестер мен құбылыстарды имитациялайтын оқу бағдарламалары арқылы көрсете алатын, түсінуге қиын механизмдерді нақты өмірде көрсету мүмкін емес. Сондықтан виртуалды-интерактивті зертханалық жұмыстар студенттерге білім сапасын жоғарылатуға көмек көрсете алады. Зерттеушінің табиғи құбылыстың бір бөлігін зерттейтін нақты физикалық экспериментін ештеңе алмастыра алмайтынын есте ұстаған жөн, алайда адам модельдеген табиғи құбылысты компьютерлік интерактивті модельде зерттеу жақсы нәтиже береді. Мақалада процестерді зерттеуге арналған виртуалды интерактивті зертханалық жұмыс толық сипатталған. Компьютерлік зертханалық жұмысты орындау алдында, оның теориялық негіздемесі, орындау реті, өлшемдерді ала отырып график құрудың жолдары, өлшемдердің қатесін есептеу әдісі көрсетілген.

Кілт сөздер: гистерезис, индукция, осциллограф, ток күші, электр тізбегі.

Оқыту бағдарламасы тек теориялық материалды зерттеуді ғана емес, сонымен қатар зертханалық зерттеулерді де қамтиды. Зертханалық жұмыс физикалық шамаларды өлшеу дағдыларын дамыту, физикалық эксперименттер жүргізу және өз бақылауларынан дұрыс қорытынды жасай білу үшін қажет. Заманауи компьютерлік технологиялар осы дәстүрлі оқыту схемасын толықтыруға мүмкіндік береді. Электромагнетизм бөліміндегі айнымалы және тұрақты магнит өрістеріндегі ферромагнетиктердің динамикалық және статикалық параметрлерінің процестерін зерттеу бойынша зертханалық жұмыс физика курсының құбылысы болып табылады.


Магнит өрісінде магниттелуі мүмкін заттардың ішінде ерекше класс сыртқы магнит өрісі болмаған кезде магниттік реттелген күймен сипатталатын заттарды құрайды. Сыртқы магнит өрісі болмаған кезде белгілі бір температура диапазонында өздігінен магниттелетін заттар ферромагнетиктер деп аталады. Ферромагниттік материалдарға мыналар жатады: темір (Fe), кобальт (Co), никель (Ni), сирек жер материалдары: гадолиний (Gd), тербиум (Tb), диспрозий (Dy), холмий (Ho), эрбиум (Er) және осы металдардың көптеген қорытпалары мен қосылыстары бір-бірімен және басқалары ферромагниттік емес элементтер. Ферромагнетиктердің магниттік қасиеттері өте алуан түрлі және көптеген факторларға байланысты: сыртқы өріс, температура, сыртқы механикалық кернеулер, магниттеу

процесінің сипаты. Х ферромагнетиктердің магниттік сезімталдығы оң ($\beta > 0$) және 104-105 мәндеріне жетеді; олардың магниттелуі J және магниттік индукциясы B жоғарылайды [1-2].



Сурет 1. H Функциясы

Ферромагнетиктердің магниттік сезімталдығының температуралық соққысы T_c Кюри нүктесінің жанында айқын максимумға ие, ал JS қанықтылығының магниттелуі төмен температурада азаяды және Кюри нүктесінің жанында нөлге дейін күрт төмендеуімен сипатталады (сурет 2). Ферромагнетиктерді қыздыру кезінде атомдардың жылулық қозғалысының жоғарылауы қолданыстағы магниттік тәртіпті "босатады" және ферромагнетикадағы $t = T_c$ температурасында атомдардың спиндік магниттік моменттері "реттелмейді", яғни. фазалық конверсия жүреді, нәтижесінде магниттелу жоғалады және ферромагнетик парамагнетикке айналады, оның сезімталдығының өзгеруі Кюри-Вайса $\chi = C/(T-T_c)$ заңына сәйкес келеді.



Сурет 2. Js қанықтылығын магниттеу

Ферромагнетизмнің физикалық табиғаты тек кванттық механиканың көмегімен түсінілді. Белгілі бір жағдайларда кристалдарда алмасу күштері пайда болуы мүмкін, бұл электрондардың магниттік моменттерінің бір-біріне параллель орнатылуына әкеледі. Нәтижесінде өздігінен магниттелетін аймақтар (өлшемі $\approx 10^{-6}$ м) пайда болады-бұл аймақтар домендер деп аталады. Әр доменнің ішінде ферромагнит қаныққанға дейін магниттеледі және белгілі бір магниттік моментке ие. Бұл моменттердің бағыттары әр түрлі аймақтар үшін әр түрлі, сондықтан сыртқы өріс болмаған кезде үлгінің жалпы моменті нөлге тең болады, ал жалпы үлгі макроскопиялық магниттік емес болып көрінеді. Әлсіз сыртқы өрістер жағдайында магниттеу қисығының жүрісі сызықты болады. Бұл аймақта домендік шекаралардың серпімдімешысуының негізінен қайтымды процестері жүреді. J векторлары магнит өрісінің кернеу бағыты бойынша ең кіші бұрышты құрайтын домендер, сонымен бірге сыртқы өріске

қатысты энергетикалық жағынан аз қолайлы J бағдары бар көрші домендердің есебінен артады. Сонымен қатар, домендер пішінін, өлшемін және өз энергиясын өзгерте алады.


Күшті өрістерде домендік құрылым қайтымды және қайтымсыз шекаралық ауысулар арқылы қайта құрылады. Ең қолайлы J бағыты бар барлық домендер энергияға қолайсыз домендерді толығымен сіңіргенде, магниттелудің өсуі магниттік моменттердің айналу процестері арқылы h бағытына толық бағытталғанға дейін жалғасады. Гистерезистің себебі қайтымсыз процестер болып табылады. Магниттік қанығу күйіне жеткенде магнит өрісінің кернеулігінің жоғарылауы ферромагниттік үлгінің магниттелуінің өзгеруіне әкелмейді және B магниттік индукциясы сызықтық заң бойынша H жоғарылауымен өсе береді. Магниттік қанығу күйінде ферромагниттік үлгінің домендік құрылымы барлық атомдардың спиндік магниттік моменттері сыртқы магнит өрісі h бағытына бағытталған бір домен болып табылады. сыртқы магнит өрісінің кернеулігін өлшеуден магниттік күйлердің өзгеруінің кешігуі (сурет 3).

Магниттеу қисығын өлшеу үшін үлгіні магниттеу керек, содан кейін магнит өрісін біртіндеп көбейтіп, ферромагнетикті қанықтыру күйіне келтіріп, әр нүктеде магнит өрісі мен индукция мөлшерін өлшеу керек [3].

Еуропадағы білім беру жүйелерінде функционалдық сауаттылықты дамыту 2000 жылдардан бері басым бағыттардың бірі болып келеді. Әсіресе 2000 жылы басталған PISA зерттеулерінен кейін көп елдер оқу бағдарламаларын құзыреттілікке бағыттау (competence-based curriculum) тұжырымдамасына көшті. Еуропалық Одақтың 2018 жылы бекітілген «түйінді құзыреттер» тізбесінде ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы негізгі құндылықтардың қатарында аталды, бұл әрбір оқушының табиғи құбылыстарды түсінуі және ғылыми әдістерді қолдана білуі маңызды екенін көрсетеді.

Функционалдық ғылыми сауаттылықты арттырудың тиімді тәсілдерінің бірі – мазмұнды-бағдарлы оқыту немесе контекстік оқыту (context-based learning). Еуропада, атап айтқанда Ұлыбритания, Нидерланд, Германия сияқты елдерде 1980-жылдардан бастап жаратылыстану пәндерінде оқу материалын күнделікті өмір контекстінде беру тәжірибесі кең

тарады. Мысалы, Ұлыбританияда Salters Advanced Physics атты бағдарлама, Нидерландта PLON (Physics in Context) жобасы, Германияда Chemie im Kontext бағдарламасы енгізіліп, оқушылар физика мен химияны нақты өмірдегі сценарийлер арқылы үйрене бастады. Контекстік оқытуда ғылыми ұғымдар алғашқыда күнделікті немесе кәсіби тұрғыдағы жағдаяттардан туындаған мәселе арқылы таныстырылады да, кейін сол мәселені шешу үшін қажетті теориялық түсініктер қалыптастырылады.[2]

Зерттеулер нәтижесі контекстік тәсілдің бірнеше артықшылығын көрсетеді: біріншіден, мұндай әдіс оқушылардың пәнге ынтасын арттырады, себебі олар ғылымның өмірдегі маңызын түсініп, оқуға қызығушылығы күшейеді. Екіншіден, ғылымға деген жалпы оң көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді – оқушылар физиканы құрғақ формулалар жиынтығы емес, өмірді түсіндіретін пайдалы білім ретінде қабылдай бастайды. Үшіншіден, контекстік оқыту оқушылардың ғылыми ұғымдарды меңгеру сапасына кері әсер етпейді немесе дәстүрлі оқытудағыдай деңгейде сақталады деген дәлелдер бар. Bennett және әріптестері жүргізген жүйелі шолу барысында контекстік және Science-Technology-Society (STS) әдістерін қолданған 66 зерттеудің деректері талданған, нәтижесінде контекстік бағдарламалар оқушылардың білімін кемітпей, керісінше олардың ғылымға қызығушылығын және сабақтағы белсенділігін арттыратыны туралы қорытынды жасалды. Мәселен, Ұлыбританияда жүргізілген тәжірибеде контекстік бағдарлама бойынша оқыған оқушылардың физикадан алған білімдерін жаңа жағдайда қолдану көрсеткіштері дәстүрлі оқыған оқушылармен тең болған, бірақ олардың пәнге деген ынта-ықыласы айтарлықтай жоғарылағаны тіркелген.

Еуропалық зерттеушілер сондай-ақ функционалдық сауаттылықты бағалау мен тапсырма түрлерін жетілдіруге көңіл бөлуде. PISA тапсырмаларына ұқсас құбылыс-негізделген тапсырмалар (phenomenon-based tasks) оқулықтарға енгізіліп, оқушыларға физикалық құбылысты сипаттайтын мәтін, диаграмма немесе тәжірибе нәтижесі беріліп, соған қатысты бірнеше сұрақтарды шешу талап етіледі. Бұл тапсырмалар бір жағынан пәндік білімді тексерсе, екінші жағынан оқушының ақпаратты талдау, түсіндіру және қолдану құзыреттілігін бағалайды. Мысалы, Финляндияда жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқушылар жылына бір рет түрлі пәндерді кіріктірген жобалық жұмыс (phenomenon-based project) орындауы тиіс, онда нақты өмірдегі мәселе ғылыми тұрғыдан кешенді талданады. Мұның бәрі оқушылардың мектептен алған білімін болашақ өмірінде қолдана білуге даярлау мақсатына қызмет етеді.

Қазақстанда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі мемлекеттік саясат деңгейінде қолға алынғаны бұрынырақ айтылды. 2012 жылы қабылданған Ұлттық іс-қимыл жоспары аясында көптеген шаралар іске асырылды: оқу стандарттары жаңартылып, мазмұнға құзыреттілік көзқарас енгізілді; мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар әзірленді; оқушылардың функционалдық сауаттылығын бақылау үшін жаңа бағалау әдістемелері енгізілді. Атап айтқанда, білім беру мазмұнын өмірмен байланыстыру міндеті қойылып, барлық пәндер бойынша PISA форматындағы тапсырмалар банкі жасалды. Физика пәні бойынша отандық әдіскер-ғалымдар қолданбалы есептердің арнайы жүйесін құру бағытында жұмыс істеді (Т.С.Сарманов, Ш.Т.Үркімбаева және т.б. еңбектері). Бұл есептер оқулықтағы стандарт үлгідегі тапсырмалардан ерекшеленіп, мазмұны тұрмыстық, аймақтық немесе өндірістік жағдайларға құрылған.

Мысалы, қазақстандық оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарда соңғы жылдары келесі тектес қолданбалы есептер жиі кездеседі: "Электр есептегішінің көрсеткіштері бойынша пәтердің бір айдағы электр энергиясын шығынын және оның ақшалай құнын есептеңдер" – бұл есеп арқылы оқушы электр тогы тақырыбынан алған білімін қаржылық сауаттылықпен ұштастырады. Тағы бір мысал: "Ауылдағы су мұнарасындағы су қысымы неге тәуелді, суды жоғары көтеру үшін қысымды қалай арттыруға болады?" – мұнда оқушы гидростатикалық қысым формуласын нақты инженерлік жағдайда қолданады. Сол сияқты, "Автомобильдің жанармай үнемділігін арттыру үшін физика тұрғысынан қандай кеңес берер едіңіз?" деген сұрақ оқушыларды механика заңдары мен техникалық ойлауды практикада

қолдануға итермелейді. Осындай тапсырмалар арқылы физика сабақтары өмірдегі мәселелерді шешуге бағытталған зертханаға айналады деуге болады.

Отандық зерттеушілер (М.Қ.Құрманғазин, Ж.Қ.Қараев және т.б.) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда интерактивті әдістердің рөлін атап көрсетеді. Мысалы, Ж. Еркінбаеваның еңбектерінде функционалдық сауаттылықты дамыту үшін физика курсына жобалық жұмыстар жүргізу, оқушыларға шағын зерттеу тапсырмаларын беру қажеттігі ғылыми негізделген. 8-сыныпта жүргізілген педагогикалық тәжірибеде оқушылар аптасына бір рет күнделікті өмірден алынған физикалық проблеманы топта шешіп, нәтижесін класс алдында қорғау әдісі қолданылған. Эксперимент қорытындысында тәжірибе жүргізілген сынып оқушыларының физика бойынша білімді қолдану дағдысы бақылау сыныбымен салыстырғанда едәуір жоғарылағаны байқалды (бұл PISA үлгісіндегі тест арқылы өлшенген). Сонымен қатар оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, физикадан сыртқы олимпиадалар мен жобаларға қатысу белсенділігі артқаны тіркелді.

Қазақстандық жаңа оқу бағдарламаларында да функционалдық сауаттылық ұғымы басты орын алады. Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама (2016 жылдан бастап енгізілген) күтілетін нәтижелерді құзыреттілік тілінде сипаттап, әрбір пән мұғаліміне оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуға жауапкершілік жүктейді. Физика бойынша оқу бағдарламасында "қолданбалы тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың сыни ойлау, зерттеушілік, проблеманы шешу біліктерін жетілдіру" нақты міндет ретінде көрсетілген. Осылайша, Қазақстанның білім беру жүйесі әлемдік үрдістерге сәйкес оқытуды өмірге жақындатуға, мектеп түлегін құзыретті тұлға етіп қалыптастыруға бағыт алып отыр.

Зерттеудің әдіснамалық негізі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған педагогикалық эксперимент жүргізуге сүйенеді. Зерттеу жұмысында аралас әдістер (mixed methods) қолданылды: сандық деректер (тест нәтижелері) және сапалық деректер (бақылау, сұхбат) жинақталды. Эксперименттік оқыту орта мектептің 9-сыныбында жүргізілді. Сынып оқушылары екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (қолданбалы есептер жүйелі енгізілген) және бақылау тобы (дәстүрлі әдіспен оқытылған). Оқу жылы басында екі топтың бастапқы дайындығы (білім деңгейі, оқу үлгерімі) теңестіру мақсатында диагностикалық тест өткізілді.[3]

Қолданбалы есептер жүйесін құру және енгізу: Зерттеу үшін күнделікті өмірмен, техникамен байланысты 20-дан астам физикалық есептен тұратын арнайы тапсырмалар пакеті әзірленді. Есептер механика, жылу құбылыстары, электр және магнетизм тараулары бойынша қамтылды. Әр есептің мазмұны өмірлік контекске құрылған: тұрмыстық құралдардың жұмысы, табиғи құбылыстар, техника жаңалықтары. Мысалы: *«Суы қайнаған шайдан бөлінген будың мөлшерін қалай анықтауға болады және ол үй ішіндегі ылғалдылыққа қалай әсер етеді?»* деген есеп арқылы оқушылар жылу мөлшері мен конденсация ұғымдарын қолданды; *«Электромобильдің жүріс қоры қандай факторларға тәуелді және оны арттыру үшін қандай физикалық шешімдер бар?»* есебін шешу барысында энергия сақталуы, үйкеліс күші, аккумулятор сыйымдылығы туралы білімдерін интеграциялады.[4]

Зерттеу жұмысы физика пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қолданбалы есептер шығару арқылы дамытуға арналған әдістеменің тиімді екенін көрсетті. Теориялық талдаулар мен эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде келесідей қорытындылар жасалды:

- Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – заманауи білім берудің басты міндеті. Оқушы тек пәндік білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірлік жағдайларда қолдана алуы қажет. Физика сабақтарында бұл міндетті жүзеге асырудың қолайлы жолы – оқу материалын практикалық мазмұндағы тапсырмалармен толықтыру. Зерттеу барысында функционалдық сауаттылық ұғымы білім, білік, дағдыны кешенді қолдану қабілеті ретінде қарастырылып, әлемдік және қазақстандық тәжірибе контекстінде түсіндірілді.[5]

- Қолданбалы есептер оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады және білімді терең меңгеруге ықпал етеді. Әдеби шолу көрсеткендей, шынайы контексті пайдаланудың

мотивациялық әсері зор. Біздің эксперимент те оқушылардың физикаға оң көзқарасы қалыптасып, сабақтағы белсенділігінің артқанын айқындады. Оқушылар абстрактілі ұғымдардың нақты маңызын түсініп, «Неге бұл нәрсені оқуым керек? Мұның пайдасы қандай?» деген сұрақтарға өзіндік жауап таба алды. Бұл нәтижеге жетуде есептердің мазмұнын өмірмен барынша байланыстырып құрастыру шешуші роль атқарды. Сондықтан оқу әдістемесінде кез келген жаңа тақырыпты күнделікті өмірден мысал келтіріп бастау, құбылысты таныстыруда таныс жағдаяттарды пайдалану ұсынылады.[6-7]

- Қолданбалы есептер арқылы оқыту оқушылардың ғылыми ойлау, проблеманы шешу дағдыларын дамытады. Эксперименттік топтағы оқушылар дәстүрлі жолмен оқыған қатарластарынан функционалдық сауаттылық тесттерінде жоғары нәтиже көрсетті, яғни білімдерін жаңа жағдайда қолдана алу қабілеттері жақсарды. Олар күрделі мәселелерді талдауда жүйелілік, себеп-салдарлық байланыстарды көру, деректерді интерпретациялау тәрізді біліктерді шыңдады. Бұл құзыреттер оқушыны өмір бойы үйренуге, жаңа жағдайларға бейімделуге дайындайды. Сондықтан мектептегі оқыту тәжірибесінде бір мәселелі тапсырмадан гөрі, интегралды, бірнеше аспектілі есептерге көбірек орын беру қажет. Мысалы, тек формуланы қоя салатын есеп орнына шағын зерттеуді, ойлануды қажет ететін есеп берген ұтымды.[8]

- Әдістемені жүзеге асыру мұғалімнен шығармашылық пен дайындықты талап етеді. Қолданбалы мазмұнды есептерді оқу үдерісіне енгізу үшін мұғалім өзі де өмірдегі физикалық құбылыстарға зер салып, оларды оқу материалына айналдыруға дағдылануы керек. Бастапқыда дайын ресурстар аз болуы мүмкін, сондықтан мұғалімдерге бірлесе жұмыс істеп, есептер қорын құруға кеңес береміз. Қазіргі кезде интернетте мұғалімдердің кәсіби қауымдастықтары арқылы PISA тәрізді тапсырмалардың үлгілері, түрлі елдердің тәжірибесінен алынған есептер қолжетімді. Соларды қазақ тілінің, өзіміздің ұлттық білім беру контекстінің ерекшеліктеріне бейімдеп қолдану да тиімді жолдардың бірі.[9]

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі ұсыныстар беріледі: Біздің жұмыс негізінен шағын ауқымда (бір сынып деңгейінде) жүргізілді, алдағы уақытта кеңірек қамту (түрлі аймақ, түрлі сыныптар) арқылы қосымша зерттеулер жасау қажет. Әсіресе, функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерін – мәтінмен жұмыс, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы – кіріктіре дамыту мәселесін терең зерделеу керек. Мысалы, физика сабағында мәтіндік сауаттылықты арттыру үшін қандай әдістер тиімді, қазақ тіліндегі ғылыми мәтінді түсіну дағдысын қалай жақсарту керектігі өз алдына зерттеуді талап етеді. Сол сияқты, ауыл және қала мектебі жағдайында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеу де маңызды (ресурстық база, мысалдардың жақындығы тұрғысынан айырмашылықтары болуы мүмкін).[10]

Қорытындылай келе, физика пәні бойынша қолданбалы есептер шығару арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім алушыларды ХХІ ғасыр дағдыларымен қаруландырудың тиімді жолы. Бұл әдістеме оқушылардың пәндік білімін бекемдеп қана қоймай, олардың өмірге дайын, өзгермелі жағдайда жол таба алатын, сыни ойлайтын және білімін іс жүзінде пайдаланатын тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Зерттеу мақалада келтірілген тұжырымдар мен нәтижелер мұны дәлелдейді деп санауға болады. Сондықтан еліміздің білім беру практикасына функционалдық сауаттылықты дамытудың осындай инновациялық жолдарын кеңінен енгізу – уақыт талабы. Болашақта физика ғана емес, барлық пән мұғалімдері осы бағытта шығармашылық ізденіс жасап, оқытудың жаңа тиімді тәсілдерін қалыптастырады деп үміттенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Kazakhstan Today. (2012). Kazakhstan adopted the National Action Plan on improvement of the functional literacy of school students for 2012–2016. – [Астана: ҚР Үкіметінің баспасөз хабарламасы].
2. Еркишева Ж. С. (2022). *Орта мектеп оқушыларын мәтінді есептерді шығаруға үйрету арқылы қаржылық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі*. – PhD диссертациясы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
3. Djumayeva G. S., Abduhalilova A. Sh. (2024). *Science Literacy in Physics Lessons*. – Web of Humanities: Journal of Social Science and Humanities Research, 2(10), 35–38.
4. Zucker, A. (2021). *Teaching Scientific Literacy*. – The Science Teacher, 88(4). (National Science Teaching Association).
5. MyPrivateTutor (Singapore). (2018). *The crucial reason behind the push for applied learning in Singapore*.
6. Bennett, J., Lubben, F., & Hogarth, S. (2003). *A systematic review of the effects of context-based and STS approaches in the teaching of secondary science*. – EPPI-Centre, University of London.
7. Hindun, I., Nurwidodo, N., Wahyuni, S., & Fauziah, N. (2024). *Effectiveness of Project-Based Learning in Improving Science Literacy and Collaborative Skills of Middle School Students*. – Jurnal Pendidikan Biologi Indonesia, 10(1), 58–69.
8. OECD. (2019). *PISA 2018 Results: What Students Know and Can Do (Volume I)*. – Paris: OECD Publishing.
9. Министерство образования и науки РК. (2016). *Жалпы білім беретін пәндердің жаңартылған бағдарламалары*. – Астана: Ы.Алтынсарин ат. ҰБА. (Физика пәні бойынша).
10. Кенжеғұл Г. А., Жаймина Г. А., Уркумбаева Ш. Т. (2020). *Қолданбалы есептер арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту*. – Қарағанды облыстық оқу-әдістемелік орталығының әдістемелік нұсқаулығы.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-98-101

ОӘЖ 37.013:004.8:159.922.76-056.34(045)

ИНКЛЮЗИЯ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

ЖУАСХАН БОТА
УТЕПОВА ЭЛЬМИРА МУРАТБАЕВНА
АХМЕТБЕК АРАЙЛЫМ ДИЛДАБЕКҚЫЗЫ

Преподаватели Казахского агротехнического исследовательского университета
им.С.Сейфуллина, факультет Компьютерных систем и Профессионального образования
Астана, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада жоғары білім беру жүйесіндегі инклюзивті оқыту үрдісіне жасанды интеллект технологияларының ықпалы қарастырылады. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен шектеулері сараланып, педагог қызметінің трансформациялану үрдісі сипатталады. Сонымен қатар, инклюзияны қамтамасыз етуде жаңа цифрлық құралдардың тиімділігі мен педагогтің жаңа кәсіби рөлі талданады.

Түйінді сөздер: инклюзия, жасанды интеллект, жоғары білім, педагог, цифрландыру, трансформация.

Аннотация: В статье рассматривается роль технологий искусственного интеллекта в развитии инклюзивного обучения в системе высшего образования. Авторы анализируют возможности и ограничения ИИ, описывают процесс трансформации педагогической деятельности в условиях цифровой среды. Особое внимание уделяется эффективности цифровых решений для обеспечения инклюзии и изменяющейся профессиональной роли преподавателя.

Abstract: This article explores the role of artificial intelligence technologies in advancing inclusive education within the higher education system. The authors analyze the capabilities and limitations of AI, highlighting the transformation of teaching practices in a digital environment. Special attention is given to the effectiveness of digital solutions in promoting inclusion and the evolving professional role of educators.

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесі инклюзивті орта құруды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырады. Инклюзивті білім беру – бұл әрбір студенттің қажеттіліктерін ескере отырып тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Бұл үдерісте жасанды интеллект (ЖИ) маңызды құралға айналып келеді. Жаңа технологиялардың ықпалымен педагог рөлі де өзгеріске ұшырап, білім беру үдерісінде бағыттаушы, кеңесші, цифрлық құралдарды шебер қолданушы ретінде қалыптасуда.

Бұл мақалада инклюзивті білім беру ұғымы мен оның жоғары оқу орындарындағы маңызы қарастырылады, сондай-ақ жасанды интеллекттің білім беру саласындағы мүмкіндіктері мен шектеулері сараланып, осы өзгерістер аясында педагогтің кәсіби рөлінің трансформациясы сипатталады және инклюзивті оқытуды тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін жасанды интеллект құралдарына талдау жасалады.

Инклюзивті білім беру – барша студенттерге тең мүмкіндік жасауға бағытталған әдіс. Бұл әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін маңызды. Инклюзия тек физикалық қолжетімділікті ғана емес, сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік, академиялық қолдауды да қамтиды. Жоғары оқу орындары бұл қағиданы жүзеге асыруда жетекші орын алуы тиіс. Сонымен қатар, инклюзивті оқыту - білім беру жүйесінің адамға бағдарлану деңгейін көрсететін көрсеткіштердің бірі. Әлемдік тәжірибеде инклюзивті оқытуды енгізудің әртүрлі модельдері кездеседі, олардың барлығы да студенттің мүддесін

қорғауға бағытталған.

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру жүйесін дербестендіру мен автоматтандыру арқылы түбегейлі өзгертуде. Оның көмегімен оқыту үдерісі икемді әрі бейімделгіш бола алады. ЖИ инклюзивті білім беруде келесі мүмкіндіктерді ұсынады: жеке оқу траекториясын құру, оқыту мазмұнын бейімдеу, бағалауды автоматтандыру, виртуалды ассистенттер арқылы қолдау көрсету. Сонымен қатар, оқушының оқу белсенділігін талдау арқылы оқыту тиімділігін арттыруға болады.

Жасанды интеллекттің білім беру саласына ықпалы:

- ЖИ студенттердің үлгерімін сараптау, оқу материалдарын дараландыру, кері байланысты автоматтандыру сияқты функцияларды орындай алады.


- ChatGPT, машиналық оқыту, бейнені тану жүйелері сынды құралдар оқытушының жұмысын жеңілдетеді.

- Инклюзивтілікті қолдайтын ЖИ: мысалы, мәтінді дауысқа айналдыру, автоматты субтитрлер, Braille-мен жұмыс істеуге арналған жүйелер.

Алайда ЖИ қолдануда белгілі бір шектеулер бар: этика мәселелері (мысалы, алгоритмдік әділетсіздік), деректер қауіпсіздігі және құпиялылықты сақтау, мұғалім мен студент арасындағы адами байланыстың әлсіреуі, барлық студенттерде технологияға тең қолжетімділіктің болмауы. Бұл мәселелер ЖИ-ді енгізу кезінде мұқият жоспарлауды және білім беру саясатын қайта қарауды талап етеді.

Соңғы жылдары Қазақстанның жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру мен цифрлық технологияларды енгізу үдерісі белсенді жүргізілуде. Бұл бағытта төмендегідей статистикалық мәліметтер назар аударарлық:

ЖОО-дағы инфрақұрылым бейімділігі



Инклюзивті оқыту мамандарының жеткіліктілігі



ЖИ қолданатын ЖОО-лардың үлесі



Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық трансформация барысында инклюзия мен жасанды интеллектті қатар дамыту – білім беру сапасын арттырудың, тең мүмкіндік тудырудың және болашаққа бейімделудің негізгі жолы. Жоғарыда келтірілген статистикалық деректер аталған бағыттың әлеуеті зор екенін және әрі қарай жүйелі даму қажет екенін көрсетеді.

Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне енуі педагогтардың кәсіби рөлін түбегейлі өзгертуде. Енді педагог тек ақпарат көзі ғана емес, білім беру процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы, технологиялық құралдарды тиімді пайдаланушы маманға айналуға. Бұл келесі аспектілерден көрінеді: цифрлық сауаттылықтың маңыздылығы артады, педагог аналитикалық және деректермен жұмыс істеу қабілетін меңгеруі қажет, студенттермен сенімді қарым-қатынас орната отырып, эмоциялық қолдау көрсетуге басымдық беріледі. Оқыту үдерісінде цифрлық және эмоционалды интеллект біріктіріледі.

Сондықтан педагогтарды ЖИ құралдарын қолдануға үйрету, олардың психологиялық-әлеуметтік қолдау көрсету дағдыларын жетілдіру — сапалы білім берудің негізгі шарттарының бірі.

Педагогикалық трансформация:

- Оқытушылар жаңа цифрлық құзыреттерді меңгеруі керек.
- Инклюзивті цифрлық педагогиканы қалыптастыру үшін ЖИ-дің мүмкіндіктерін педагогикалық мақсатта қолдану маңызды.
- Білім беру мазмұны мен әдістерін икемді етіп өзгерту — трансформацияның өзегі.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беруде ЖИ негізіндегі түрлі цифрлық құралдар кеңінен қолданылуда. Олардың ішінде: сөйлеуді мәтінге немесе мәтінді сөйлеуге айналдыратын бағдарламалар (мысалы, Google Text-to-Speech), дыбыстық оқытушылар мен автоматтандырылған аудармашылар (Microsoft Translator), көру немесе есту қабілеті шектеулі жандарға арналған құрылғылар (экран оқу құрылғылары), бейімделген оқу платформалары (Khan Academy, Coursera) және ChatGPT секілді тілдік модельдер. Бұл құралдар педагогтің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, білім алушылардың оқуға деген мотивациясын арттырып, қолжетімді білім кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Инклюзия мен жасанды интеллект — бір-бірін толықтыратын және жоғары оқу орындарын жаңа деңгейге шығаратын маңызды факторлар. Осы екі бағытты тиімді біріктіре отырып, жоғары білім беру жүйесін әділетті, қолжетімді және сапалы етуге болады.

Қорытындылай келе, жоғары білім беруде инклюзивті оқытуды жүзеге асыру – жаһандық талап. Бұл тұрғыда жасанды интеллект пен педагогтың өзара әрекеттестігі шешуші рөл атқарады. Педагог жаңа жағдайда технология мен адами фактор арасындағы көпір бола отырып, студенттердің жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Жоғары оқу орындарының миссиясы — осы өзгерістерге бейімделе отырып, инклюзивті, әділетті және технологияға негізделген білім беру жүйесін қалыптастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтбаева, А.Ж. (2022). Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігі. – Алматы: Қазақ университеті.
2. Holmes, W., Bialik, M., & Fadel, C. (2019). Artificial Intelligence in Education. Center for Curriculum Redesign.
3. UNESCO (2021). AI and Inclusion in Higher Education.
4. Селиванов, В.А. (2021). Искусственный интеллект и педагогика. – Педагогическое обозрение.
5. Тәжібаева, С.Ж. (2021). Жасанды интеллект: білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктер мен шектеулер.
6. Zhang, K. et al. (2022). The Role of AI in Inclusive Higher Education: A Systematic Review. Computers & Education.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-102-108

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДА
ОҚЫТУДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТИІМДІ**

ҚҰДАШКЕН ГҮЛНАР

Өнер пәні

МЕЙРАМБЕК ФАРИЗА

Дизайн пәні

ТЛЕУБЕРДИЕВА ПЕРИЗАТ

Қазақ тілі пәні

ДАУТОВА ЭММА

Қазақстан тарихы пәні

ДАСТАНОВА ҚҰРАЛАЙ

Social studies пәні

НҮРКЕЛДІ ПЕРИЗАТ

Қазақстан тарихы пәні

Астана қаласындағы халықаралық мектеп

Аннотация. Біз 7А және 7В сынып оқушыларына сабақ беретін пән мұғалімдері бірігіп, сынып бойынша ортақ мәселені анықтадық. Мәселе - оқушылардың сабақтағы коммуникациялық дағдыларының әлі де дамытуды қажет етуі. Мысалы: тақырып бойынша ойын анық жеткізе алмауы және нақты мысалдарды қолданып, өз пікірін дәлелдей алмаудағы қиындықтары. Шешім: әр пән сабақтарында белсенді әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушылардың коммуникациялық дағдыларын дамыту. Зерттеу барысында әр пән сабақтарында А,В,С оқушыларын бақыланып, бақылау бойынша әр мұғалім өз ұсыныстарын айтып, кері байланыстар берді. Соған сай, сабақтар жоспарланып, зерттеудің нәтижесі бақыланды. Қорытындылай келе, А,В,С деңгейіндегі оқушылардың нәтижесін талқыладық, жасалған зерттеудің нәтижесін көрдік және зерттеу жұмысымызды қорытындыладық. Зерттеу нәтижесіне ықпал еткен стратегиялар ой қозғау барысында “Wi-Fi”, “Дейін және кейін”, “Қабырғадағы суреттер”, “Проблемалық сұрақтар”, “Үстел үстіндегі ой” жұптық жұмыстарда “Уақытпен кездесу”, “Интервью” әдістері және топтық жұмыстарда “ДЖИГСО”, “Фишбоун”, “Сөйлемдерді жалғастыр”: “Debate Corner”, “Talk Show” сияқты әдістерді атап айтуға болады.

Оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуда оқытудағы белсенді әдістерді қолдану қаншалықты тиімді?.

Зерттеудің өзектілігі

Қазіргі қоғамдағы қарым қатынас түрі әлеуметтік желімен тығыз байланысты. Бұл байланыстың салдары жас оқушылардың бір бірлерін түсіну, дұрыс ойын жеткізу, өмірінде туындаған мәселені әңгімемен шешу деген қарапайым заттарға бейімделмеген туындауда. Сол себепті бұл зерттеу оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға арналып отыр. Білім беру процесі диалогтарға, жобаларға және бірлескен қызметке негізделген зерттеуден тұрады. Бұл «Lesson study» топтық зерттеуде сұрақтар қою, оқушы өз көзқарасын талқылау және дәлелдей білу және білімді тереңірек игеруге ықпал етуге көмек болатын әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқушыларға бұл дағдыларды қалыптастыруда. Тек қана мектеп қабырғасында

қолданылатын дағды ретінде емес, өмір бойы оқу және өмірдегі базалық қажеттілік. Қорытындылай келе таңдалған тақырып неге маңызды? Бұл шешім не береді?

Тақырыпты зерттеуге 7А сынып оқушыларының сабақ барысында тақырыпты толық түсінбеуі, өз ойын қажетті деңгейді жеткізе алмауы және тапсырманы орындау кезінде нақты мысалдарды қолданып, өз пікірін дәлелдей алмауы себеп болды. Сонымен қатар:

- Көп оқушы ойын еркін жеткізуде қиналады, сөйлеуге ұялады немесе сенімсіздік танытады.

- «Белсенді әдістер» - оқушылардың қызығушылығы мен қарым-қатынас дағдыларын арттырады.

- Коммуникативті дағдылар – 21 ғасыр талабына сай тиімді қарым-қатынас жасаудың кепілі болады.

Өрекеттің кез-келген түрінде коммуникативті дағдылар маңызды рөл атқарады. Егер оқушының коммуникативті дағдылары жеткілікті деңгейде дамыса, олар өз ойларын анық жеткізіп, топпен тиімді жұмыс істей алады және сабақ үлгерімі мен жетістіктері артады.

Осыған орай Lesson Study мақсаты Оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуда оқытудағы белсенді әдістерді қолдану қаншалықты тиімді? деген сұрақты зерттеу арқылы шешімді табуда. Бұл туындаған мәселені шешу жолында Дизайн, Арт, Қазақ тілі, Қазақстан тарихы, Social studies пәні мұғалімдері біріктік. Алғашқыда сабақты бастамас бұрын оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама төмендегі сұрақ қатарын қамтыды:

1. Өз ойыңмен бөлісу үшін қандай кедергілерді сезінесің?

- a) Ұяламын
- b) Ойымды нақты жеткізу қиын
- c) Басқалармен келіспеуден қорқамын
- d) Өз пікірімді жеткізуде сөздер таппай қиналамын
- e) Барлық сынып алдында сөйлеу маған ыңғайсыз
- f) Ешқандай кедергі жоқ

2. Өз ойыңды жеткізуде қай тәсіл сен үшін оңай?

- a) Жұп және топта еркін пікір алмасу
- b) Сынып алдында сөйлеу
- c) Жазбаша түрде ойымды білдіру
- d) Сурет немесе сызба арқылы ойымды жеткізу
- e) Рөлдік ойындар арқылы ойымды көрсету
- f) Барлық тәсіл маңызды

3. Пікіріңді сенімді жеткізу үшін қандай дағдыларды дамыту қажет деп ойлайсың?

- a) Сөздік қорымды арттыру
- b) Ойымды жүйелеп айту
- c) Өз пікірімді дәлелдермен нығайту
- d) Көпшілік алдында сөйлеу дағдымды жетілдіру
- e) Ойымды қысқа әрі түсінікті жеткізу
- f) Өз пікірімді сенімді түрде қорғау

4. Сіз басқалардың пікірін тыңдай аласыз ба?

- a) Иә, тыңдай аламын
- b) Тырысамын, бірақ маған ол қызық емес
- c) Жоқ, тыңдай алмаймын

5. Сізге берілген ақпараттың қандай түрін жақсы қабылдайсыз?

- a) Ақпаратты естігенде
- b) Ақпаратты көргенде
- c) Ақпаратты өзім оқығанда
- d) Топтық/жұптық жұмыс істегенде

Сауалнама нәтижесі төменде көрсетілген.



Әр пәннің өзіндік күтілетін нәтижесі болды, алайда барлығымызға ортақ болған күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың сабақ барысында ойларын қазақ тілінде анық және толық жеткізе алуы;
- Ойын жеткізуде мысалдар мен дәлелдерді қолдана алуы.

Қолданылған әдістер

Әр пән өз сабағының ерекшелігіне сай әдіс тәсілдерді қолданып, тәжірибемен бөлістік. Көп жағдайда баршамызға ортақ әдіс-тәсілдерді атап өтсек: WI-FI, Дейін және кейін, Джигсо, Уақыт бойынша кездесу, Think-Pair-Share, PEEL, PPC, Қабырға әдісі. Әдістердің тиімділігі әр пән бойынша әр түрлі әсер берді.

Мысалы «Өнер» және «Дизайн» пәндері сабақтарында оқушылар суретшілердің шығармашылығын талдағанда және өнер туындыларына өнер элементтерін қолдана отырып формалды талдау жасаған сәтте, мәдени-контекстті талдаулар жасау барысында коммуникативті дағдыларын жетілдіру қажеттілігі туындады. Сонымен қатар, топтық жұмыс барысында: бірлесіп сурет салу, мүсіндеу немесе сахналық қойылым жасау кезінде оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, идеяларын бөлісуі керек[7]. Оқушы өз жұмысын сынып алдында таныстырып, түсіндіру, не себепті дәл сол материалды таңдағанын айту арқылы ойын жүйелі жеткізу дағдысын дамыту, сын-пікір айту және қабылдау кезінде, сұрақ-жауап, пікірталас барысында, өнерге қатысты сұрақтарға жауап беру, талдау жасау кезінде логикалық ойлауын, сөздік қорын қолдана отырып, өз көзқарасын білдіруде, шығармашылық идеяны түсіндіру кезінде оқушыларда коммуникативті дағдыларын дамыту керектігі анықталды.

2.Қазіргі білім беру үдерісінде оқушылардың белсенділігін арттыру, өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуге дағдыландыру – маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағытта **Jigsaw**, **Сыртқы және ішкі шеңбер**, **Think-Pair-Share** әдістері өнер пәнінде оқытудың тиімділігін арттырды.

Jigsaw әдісі — оқушыларды топтарға бөліп, әрқайсысына бір бөліктен жауапкершілік беру арқылы жалпы тапсырманы бірігіп орындауға бағытталған. Өнер сабағында бұл әдіс мысалы, белгілі бір суретшінің өмірбаянын, шығармашылығын немесе белгілі бір бағытты зерттеу кезінде өте пайдалы болды. Әр топ өз бөлігін зерттеп, басқаларға түсіндірді. Бұл әдіс оқушылардың зерттеу дағдысын және өз ойын дәл жеткізу қабілетін дамытты.

Сыртқы және ішкі шеңбер әдісі — пікір алмасуға, бір-бірімен өзара әрекеттесуге арналған. Өнер сабағында оқушылар өз жұмыстары туралы пікір білдіру, басқа оқушылардың туындыларына баға беру барысында осы әдіс арқылы пікір алмаса алды. Бұл оқушылардың сыни ойлауын, тілдік қорын дамытып, өз көзқарасын білдіруге үйретті.

Think-Pair-Share (Ойлан – Жұптас – Бөліс) — ойлау, талқылау және ортақ шешімге келу дағдыларын дамытады[3]. Мысалы, өнер туындысы туралы пікір білдірерде немесе тақырыптық тапсырмаларды талдау кезінде оқушылар алдымен жеке ойланады, кейін жұпта талқылайды, соңында бүкіл сыныппен бөліседі. Бұл әдіс барлық оқушыны қатыстыруға мүмкіндік берді. Аталған әдістер өнер пәнінде оқушылардың ойлау, тыңдау, сөйлеу және пікір айту дағдыларын дамыта отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге ынтыландырды. Сонымен қатар, топтық өзара әрекет, диалог және бірлескен шешім қабылдау арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдылары қалыптасты.

Қазақстан тарихында қолданылған бастапқы кезеңде оқушылар бір бірлемін диалог орнату мақсатында жұптық жұмыстар «Ойлан ақылдас және бөліс», топтық жұмыста «Джигсо» әдістері қолданылды. Сабақты бекіту немесе қызықтыру мақсатында «4 сурет 1 сөз», «Wi-Fi», «Ұшу-қону» әдістері, ең басты негізгі проблеманы шешу жолында «Жаңалықты жеткізу», «Эхо», «Шағын презентациялар», «SWOT» әдістері тиімділігін көрсете алды [3].

Білім-бұл өмірге дайындық емес, білім-бұл өмірдің өзі Дьюи атап өткендей: «Балалар, ең алдымен, қозғалысқа, қарым-қатынасқа, әлемді зерттеуге, дизайнға және көркемдік көрініске қызығушылық танытады», сол себепті Қазақстан тарихы сабағында тек қана кітап оқып, мазмұнын айту жолы ғана емес, бұдан бөлек қызықты дүниелер болды және олар өте тиімді болды [2]. Жоғарыда аталып өткен әдіс-тәсілдердің әрбірі өзінің көмегін көрсете алды. Алайда осылардың ішінде анықтама беріп кететін әдістер жоғарыда аталған мәселені шешуге және оқушылардың өміріне әсер ететін, көмегі болатын болып табылады. Солардың қатарында "Жаңалықты жеткізу» әдісі, бұл әдістің мақсаты: белсенді тыңдау және ақпаратты дәл беру дағдыларын дамытуға арналған. Ол бойынша оқушылар бір-біріне қысқа хабарлама жібереді, оның дәлдігін сақтауға тырысады. Бұл жаттығу зейін мен тыңдау қабілетін жақсартуға көмектеседі. Келесі «Эхо» әдісі. Мақсаты: белсенді тыңдау және эмпатия дағдыларын дамыту, яғни бұл бойынша бір оқушы пікір айтады, ал екіншісі оны өз сөзімен қайталайды, түсіністікті растайды. Бұл эмпатия мен тыңдау қабілетінің дамуына ықпал етеді [1].

Қазақ тілі пәні бойынша: Менің тәжірибемде 6-7 сынып оқушыларының орта көлемді көркем шығарманы талдауда қиналатыны, ойларын жеткізуде жалпылама айтып, нақты дәлелдер, мысалдарды қолдана алмайтын мәселесі туындады. Оқу жылының басында әріптестеріммен бірге бірнеше пән мұғалімдері «Lesson study» зерттеу тобында ортақ кедергілерімізді талқылап, сыныптағы мәселені анықтадық. Жалпы, барлық пәндегі мәселенің түп негізі оқушылардың сабақта қазақ тілінде өз ойларын жеткізуде қиналуы, нақты аргументтерді, мысалдарды, дәлелдерді қолданып ақпаратты жеткізе алмайтыны анықталды. Сондықтан «Lesson study» зерттеу тобының тақырыбы: «Оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуда оқудағы белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану қаншалықты тиімді?» сұрағымен бекітілді. Мен өз пәнім бойынша оқудағы белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануда проблемалық оқытуға бағытталған тәсілдерді таңдап, оқушылардың шығарманы талдау қабілетін дамытуды, коммуникациялық дағдыларын, яғни қазақ тілінде өз ойларын анық, нақты жеткізуде жалпылама ақпарат ұсынбай, шығармалардан мысалдар ұсынып, дәлелдер арқылы ойын жеткізуге бағытталған зерттеу жүргізуді қолға алдым. Сабақтың барысын жоспарлауда жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыстар арқылы оқушылардың бойында сыни ойлау, коммуникациялық дағдыларының, көркем шығарманы талдау қабілеттерінің дамуына назар аударуды басшылыққа алдық. Әріптестермен сабақты зерттеу мақсатымыздың өзі оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуда оқудағы белсенді әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігін анықтау болғандықтан ой қозғауда «Қабырғадағы суреттер», «Сұрақ - жауап», «Үстел үстіндегі ой», жұптық жұмыстарда, «Достармен кездесу уақыты», «Ашық микрофон, топтық жұмыстарда «Фишбоун», «Write around» т.б белсенді әдістер жиі қолданылды. [6]. «Қорытындылай келе, сабақты бақылаған әріптестерім А оқушысының сабақ барысында белсенділігі артып, постер жасауда қызығушылық танытып, сұрақтар қойып, ізденісте болғанын, тобында көшбасшылық қабілеті байқалғанын, В оқушысының шығармалардан нақты мысалдар келтіріп, сабақ барысында ой қозғау сұрақтары мен сабақты бекіту сұрақтарына толық жауап беріп, белсенді жұмыс жасағанын, С оқушысының өте белсенді жұмысын, топта ерекше жауаптар ұсынып, шығарманы өмірмен байланыстырып, бірнеше мысалдар ұсына алғандығын байқаған, бұл сабақтағы оқушылардың нәтижесі таңдап алынған зерттеу әдістерінің тиімді болғанын дәлелдей түсті. Зерттеу тобымыздың сабақты зерттеуі сәтті аяқталды. Себебі, мен А,В,С оқушысының және зерттеу тобынан тыс оқушылардың да сабақ үлгеріміндегі нәтижелерінің жоғарылағанын қорытынды бақылау жұмыстарынан байқадым. Сабақта белсенділігі төмен оқушылардың өзіне деген сенімі қалыптасқанын түсіндім.

Social Studies пәні бойынша:

Оқу жылының басында әріптестеріммен бірлесе отырып 6-сынып оқушыларымен Lesson Study зерттеуін жүргіздік. Алғашқы сабақтарды бақылау барысында біз оқушылардың тарихи тақырыптарда өз ойын нақты жеткізе алмайтынын, көбіне тек дайын ақпаратты айтып, жеке көзқарасын дәлелдермен қорғай алмайтынын байқадық. Бұл жағдай олардың коммуникативтік дағдыларының, әсіресе аргумент келтіру және пікір айту қабілетінің әлі толық дамымағанын көрсетті.

Осыған байланысты зерттеу сұрағымыз:

«Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда белсенді оқыту әдістерін қолдану қаншалықты тиімді?» деп анықталды. Зерттеу аясында мен сабақ жоспарларына оқушылардың белсенділігін арттырып, ойын нақты дәлелдермен жеткізуге көмектесетін бірнеше тиімді әдісті қолдандым.

Алғашқы сабақтарда біз **"Debate Corners"** әдісін енгіздік. Сабақ тақырыбына байланысты пікірталас туғызатын мәлімдемелер ұсынылды (мысалы: «Фрэнсис Дрейк — батыр ма, әлде қарақшы ма?»). Оқушылар «Келісемін», «Келіспеймін», «Нақты емес» бұрыштарына бөлініп, өз көзқарасын дәлелдеуге тырысты. Бұл әдіс оқушылардың өз пікірін айтуына, аргумент келтіруіне және өзара пікір алмасуына жол ашты. Сабақ соңында тіпті баяу оқушылардың өзі сенімділікпен сөйлеуге ұмтылып, пікірталасқа араласқаны байқалды [8].

Келесі сабақта біз **"History Role-Play Talk Show"** әдісін қолдандық. Мұнда оқушылар тарихи тұлғалардың рөлін сомдап, ток-шоуға қатысушы ретінде өз кейіпкерінің атынан сөйлеп, көрермендердің сұрақтарына жауап берді. Бұл әдіс оқушылардың елестету, рөлге ену, тілдік сенімділігін арттырып, тарихи оқиғаларға әртүрлі көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Әсіресе, сөйлеуде қиналатын оқушылар рөлдік ойын арқылы ашылып, белсенді қатыса бастады [8].

Зерттеу жұмысының соңғы кезеңінде **"Gallery Walk + Expert Exchange"** әдісін енгіздік. Оқушылар шағын топтарға бөлініп, әр станцияда QR-код арқылы ақпаратпен танысты (мәтін, бейнематериал, карта). Әр топтан бір оқушы сарапшы ретінде басқа топтарға барып, өз станциясындағы ақпаратпен бөлісті. Бұл әдіс оқушылардың ақпаратты түсініп, ауызша жеткізу қабілетін дамытты. Топтар арасында диалог орнап, оқушылар бірін-бірі тыңдауды, толықтыруды, нақты сөйлеуді үйренді [9].

Сабақтарды бақылаған әріптестерім А, В, С оқушыларының сабаққа қатысу белсенділігінің артқанын, олардың тарихи оқиғалар бойынша нақты мысалдар келтіріп, өз көзқарасын дәлелді жеткізе алғанын атап өтті. Қорытынды бақылау жұмыстары арқылы да бұл оқушылардың ғана емес, басқа оқушылардың да коммуникативтік дағдыларының жақсарғаны байқалды.

Қорытындылай келе, осы зерттеу барысында қолданған белсенді әдістер оқушылардың тарихи тақырыптарды түсініп қана қоймай, өз ойларын нақты дәлелдермен еркін жеткізуіне, пікір алмасуына және сыни тұрғыдан ойлауына зор ықпал етті. Lesson Study аясындағы бұл тәжірибе мен үшін өте маңызды болды, себебі ол оқушылардың оқу мотивациясын және өзіне деген сенімділігін арттырды.


Нәтиже:

Сабақтардан кейінгі оқушылардың өзгерісі:

А. сынып алдында өз ойын жеткізіп сөйлей алады, көбіне ойын еркін айтады. Сабақтағы белсенділігі мен сенімділігі арта түсті.

В. сабақта белсенділігі артты, ойын нақты жеткізе алады, өзінің жеке пікірін айта алады.

С. сабақта өте белсенді, ойын нақты, толық, терең талдаулар арқылы тақырыпқа байланысты өз пайымын ұсына алады. Аудитория алдында еркін сөйлейді.



Қорытынды

«Оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуда оқытудағы белсенді әдістерді қолдану қаншалықты тиімді?» атты Lesson Study зерттеу жұмысы аясында бірнеше пән мұғалімдері бірігіп, бірлескен сабақтарды жоспарлап, жүзеге асырып, нақты нәтижелерге қол жеткізді. Бұл зерттеу жұмысы бүгінгі білім беру талаптарына сай, оқушының 21 ғасыр дағдыларының бірі – **коммуникация қабілетін** дамыту жолында маңызды қадам болды.

Зерттеу барысында әр пән – қазақ тілі, Қазақстан тарихы, өнер, дизайн және әлеуметтік ғылымдар сабақтарында түрлі белсенді әдістер: **"Jigsaw", "Think-Pair-Share", "Gallery Walk", "Debate Corner", "Talk Show", "PEEL", "Қабырғадағы суреттер", "Wi-Fi", "Эхо", "Жаңалықты жеткізу"** сияқты тәсілдер тиімді қолданылды. Бұл әдістер оқушының өз ойын еркін, нақты және сенімді жеткізуіне, дәлелдер келтіріп, мысалдармен негіздей білуіне зор ықпал етті.

Зерттеудің ең басты жетістігі – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен сенімділігінің артуы. Әсіресе, А, В, С деңгейіндегі оқушыларда мынадай өзгерістер байқалды:

- **А оқушысы** бұрын үндемей отыратын болса, енді сынып алдында еркін сөйлеуге талпынды;

- **В оқушысы** ойын нақты жеткізіп, пікірін дәлелдеуге үйренді;

- **С оқушысы** жоғары деңгейде өз пікірін айтып, мысалдармен толықтыруда белсенділік көрсетті.

Сабақтарда коммуникативті дағдылар тек тілдік емес, сонымен қатар **эмоциялық интеллект, тыңдау мәдениеті, өзара сыйластық және топта жұмыс істеу** дағдыларымен бірге қалыптасты. Бұл — оқушылардың өмірлік қажетті қабілеттерін дамыту жолындағы нақты қадам болды.

Бұдан бөлек, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылар тек пән мазмұнын игеріп қана қоймай, **өзін-өзі танып, пікір айту мен тыңдауды, сеніммен сөйлеуді және сыни ойлауды үйренді**. Оқытудағы белсенді әдістер оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына, өзіне деген сенімділігін арттыруға және жалпы академиялық көрсеткіштерінің жақсаруына себеп болды.

Сондықтан бұл зерттеу тәжірибесі тек бір сыныппен немесе пәндермен шектелмей, болашақта басқа сыныптар мен пәндерге де енгізіліп, оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталуы керек.

Lesson Study – тек зерттеу емес, ұстаздардың кәсіби дамуы мен бірлескен оқыту мәдениетін дамытудың маңызды құралы екені тағы да дәлелденді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хайрулина, Н. (д.б.). *Комплекс упражнений на развитие коммуникативных навыков у дошкольников*.
[https://ds31.ucoz.ru/metod_kopilka/vospitateli/hayrulina/kompleks_uprazhnenij_na_razvitie_kommunikativnykh .pdf](https://ds31.ucoz.ru/metod_kopilka/vospitateli/hayrulina/kompleks_uprazhnenij_na_razvitie_kommunikativnykh.pdf)
2. Dewey, J. (1916). *Democracy and education: An introduction to the philosophy of education*. Macmillan.
3. Мухаметшина, Л. (2024). *Анзрейд 45 минут или как развивать в учениках навыки и компетенции XXI века на каждом уроке* [Семинар]
4. Утегенова Б.М., Смаглий Т.И., Онищенко Е.А. Основы дифференциации преподавания и обучения в современной школе. Костанай, 2017
5. Heather McReynolds. Four ways of looking at art. Resource from State Education. <https://www.thinkib.net/visualarts/page/23819/four-ways-of-looking-at-art>
6. Бітібаева Қ, Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997 «Рауан» баспасы
7. Жолдасбаева С.А. Теории и техники развития творческих способностей. АОО НИШ ЦПМ, 2017
8. Dudley, P. (2015). *Lesson Study: Professional learning for our time*. Routledge.
9. Маршак, А. А. (2016). *Белсенді оқыту әдістері: мұғалімге арналған құралдар жинағы*. Алматы: "Ұлттық білім академиясы".

DOI 10.24412/3007-8946-2025-153-109-115

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ

АҚЫЛБЕК АҚБОТА АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ, АМАНГЕЛДІ МАХАББАТ
РАМАЗАНҚЫЗЫ,
АБИБУЛЛА ЖҰЛДЫЗ АЛИАКБАРҚЫЗЫ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
6B01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 2 – курс
Қазақстан, Алматы қ.

Жетекшісі: ИМАНКУЛОВА ЛЯЙЛЯ БОЛАТКУЛОВНА

Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының PhD, аға оқытушысы
«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» ҚеАҚ, Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа: Бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық дамуы – олардың психологиялық және тұлғалық қалыптасуында маңызды орын алатын факторлардың бірі. Бұл мақалада эмоциялық дамудың теориялық негіздері, оның бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігіне және мінез-құлқына әсері қарастырылады. Эмоциялық интеллекттің дамуына ықпал ететін әдістер талданады, олардың ішінде ойын технологиялары, әңгімелесу әдістері, шығармашылық тапсырмалар және рефлексиялық жаттығулар ерекше орын алады. Сонымен қатар, зерттеу барысында эмоциялық қолдаудың мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан берілуінің маңыздылығы сипатталады. Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық жағдайын жақсарту үшін кешенді тәсілді қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: эмоциялық даму, бастауыш сынып, эмоциялық интеллект, психологиялық қолдау, оқыту әдістері, шығармашылық тапсырмалар, ойын технологиялары.

СПОСОБЫ ПОДДЕРЖКИ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

